«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың
Директорлар кеңесінің
2026 жылғы «20» қазандағы
қаулысымен бекітілген (№1020/3)

Утверждено
Постановлением Совета Директоров
АО «Банк ЦентрКредит»
№ 1020/3 от 20.10.2026 г.

На русском языке

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың банк қызметін жүзеге асырудың жалпы талаптары туралы ережесі

Мазмұны:

1-бөлім. Жалпы қағидалар 2
2-бөлім. Клиенттермен жұмыс істеу туралы қағида 4
2.1-параграф. Банктік қызметтерді көрсету және Клиенттерге кеңес беру кезінде ақпаратты ашу 4
2.2-параграф. Мүгедектігі бар тұлғаларға және халықтың жүріп-тұруы шектелген топтарына қызмет көрсету тәртібі 7
2.3-параграф. Банк пен Клиент арасындағы келіспеушіліктерді реттеу кезінде Клиентпен және банк омбудсманымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі 8
3-бөлім. Банктік қызметтерді көрсету туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімдері 8
4-бөлім. Банктік операцияларды жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары 8
5-бөлім. Банктік шоттарды ашу және жүргізу. Депозиттерді (салымдарды) қабылдау 8
5.1-параграф. Банктік шоттарды ашу, жүргізу және жабу, шоттар бойынша операцияларды шектеудің негіздемелері мен тәртібі 8
5.2-параграф. Депозиттерді қабылдау, банктік салым шартын жасасу, сыйақыны есептеу және төлеу тәртібі, сондай-ақ банктік салым шартын мерзімінен бұрын бұзу шарттары мен тәртібі 10
5.3-параграф. Депозиттерге кепілдік беру жүйесі 11
6-бөлім. Банктік қарыз операциялары 12
6.1-параграф. Кредит беру талаптары 12
6.2-параграф. Банктік қарыз шартын жасасу, орындау, өзгерту және бұзу тәртібі 13
6.3-параграф. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсіліне қойылатын талаптар 18
6.4-параграф. Төлем қабілеті жоқ Қарыз алушымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі 19
7-бөлім. Банкаралық операциялар 24
8-бөлім. Банк қабылдайтын қамсыздандыруға қойылатын талаптар 26
9-бөлім. Банктік қызметтерді көрсету процесінде туындайтын Клиенттердің өтініштерін қарау тәртібі 27
10-бөлім. Банк пен Клиенттің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі 29
11-бөлім. Қорытынды қағидалар 31

ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. ЗТ және ЖТ депозиттері бойынша шекті сомалар, мерзімдер және сыйақы мөлшерлемелері

2-қосымша. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы ЖТ және ЗТ қайта құрылымдалатын/қайта қаржыландырылатын кредиттері бойынша, проблемалы/ықтимал проблемалы кредиттері бойынша шекті сомалар, мерзімдер және сыйақы мөлшерлемелері

3-қосымша. Контрагент-банктермен жасалатын құжаттамалық операциялар бойынша шекті сомалар, мерзімдер және тәуекелдер үшін алынатын комиссиялар

4-қосымша. Операция жүргізуге арналған тарифтер
5-қосымша. Тарифтердің шекті шамалары
6-қосымша. Банктік қызмет көрсету туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімі
7-қосымша. Терминдер сөздігі

1-бөлім. Жалпы қағидалар

1. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың банк қызметін жүзеге асырудың жалпы талаптары туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына (бұдан әрі – ҚРЗ), «Банк ЦентрКредит» АҚ Жарғысына (бұдан әрі – Банк) және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына (бұдан әрі – ІНҚ) сәйкес әзірленді.
2. Осы Қағидалар Банктің банктік қызметті жүзеге асыруына қойылатын жалпы талаптарды регламенттейді және төмендегілерді белгілейді:
1) депозиттерді қабылдау және қарыз берумен байланысты қаржылық өнімдерді ұсыну талаптары;
2) қабылданатын депозиттер мен берілетін қарыздар бойынша шекті сомаларды, мерзімдерді, сыйақы мөлшерлемелері және сыйақы төлеу талаптары;
3) Банк қабылдайтын қамсыздандыруға қойылатын талаптар;
4) банк операцияларын жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары;
5) банк қызметтерін көрсету туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімдері;
6) Банк шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі, шоттар бойынша операцияларды шектеу негіздері мен тәртібі;
7) Клиенттермен жұмыс істеу тәртібі туралы ережелер;
8) Мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектелген топтарына қызмет көрсету тәртібі;
9) Клиенттердің банк қызметтерін көрсету процесінде туындайтын өтініштерін қарау тәртібі;
10) Төлем қабілеті жоқ қарыз алушымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі, соның ішінде кепіл затын өндіріп алу процедуралары;
11) Банк пен Клиент арасындағы келіспеушіліктерді реттеу кезінде Клиентпен және банк омбудсманымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі.
12) Банктің және Клиенттің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі;
13) Банкаралық операцияларды жүзеге асыру тәртібі;
14) Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша осы Ережеге енгізілген өзге де шарттар, талаптар мен шектеулер.
3. Ережеде қолданылған аббревиатуралар мен терминдердің талдамасы және анықтамалары Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын Терминдер сөздігінде (Ереженің 7-қосымшасы) көрсетілген.
4. Ереже Банк пен Клиент арасындағы шарттық қатынастардың ажырамас бөлігі болып табылады, ашық ақпарат болып табылады және коммерциялық немесе банктік құпияның нысанасы болып табылмайды. Ереже Банктің ресми интернет-ресурсында (www.bcc.kz) орналастырылған және Клиенттің бірінші талабы бойынша танысу, қабылдау, сақтау және басшылық ету үшін Банкке (филиалға/бөлімшеге) тікелей жүгінген кезде ұсынылады.
5. Банк пен Клиент арасындағы банк және басқа да операцияларды жүзеге асыру кезіндегі қатынастар ҚР нормативтік құқықтық актілерімен, осы Ережемен, жасалған шартылардың талаптарымен, сондай-ақ ҚР заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін бөлігінде Банктің ІНҚ-мен реттеледі.
6. Банк өз қызметін ҚР заңнамасымен айқындалатын және ҚР уәкілетті мемлекеттік органдары берген лицензияның, басқа да рұқсат ету құжаттарының негізінде жүзеге асырады, сондай-ақ Банк депозитке міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады.
7. Банк операцияларды ҚР уәкілетті органы берген лицензия негізінде ұлттық және (немесе) шетел валютасында жүзеге асырады.

8. Қаржылық өнімдерді ұсынуды Банк ҚР заңнамасына және Банктің ІНҚ-ға сәйкес Банк бөлімшелері, қашықтықтан қызмет көрсету арналары, Банктің Агенттері мен әріптестері арқылы жүзеге асырады. Банк Агенттерінің тізілімі Банктің www.bcc.kz. ресми интернет-ресурсында орналастырылған. Қызметті жүзеге асыру және қызметтерді көрсету кезінде Банк тәуекелдерді бағалау, мониторингтеу және басқару, сондай-ақ Клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында жасанды интеллект технологияларын пайдалануға құқылы.
9. Қаржылық өнімдерді ұсынуды Банк ақпаратты ашу, Клиенттерге консультация беру, дербес деректерді жинау, өңдеу және тарату, сондай-ақ кредиттік бюроларға мәліметтер беру және кредиттік есептерді алу бөлігінде ҚР заңнамасының және Банктің ІНҚ талаптарын сақтай отырып жүзеге асырады. ҚР заңнамасында және (немесе) Банктің ІНҚ-да көзделген жағдайларда, қызметтерді көрсету Клиенттің, қарыз алушының, қоса қарыз алушының, кепіл берушінің, кепілгердің және мәмілеге қатысатын басқа да тұлғалардың тиісті келісімдері болған кезде жүзеге асырылады.
10. Банк қызметтері ақылы болып табылады, оларды ұсынудың мақсаты Банктің табыс алуы немесе болашақта табыс алу үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Банк ҚР заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, банк қызметтерін көрсеткені үшін тарифтерді, комиссияларды және депозиттер, қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өз бетінше белгілейді.
11. Банк операцияларын жүргізу кезінде Банк ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді және ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға банк, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді ұсынбайды.
12. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Банк ҚР заңнамасының талаптарын, соның ішінде КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы ҚРЗ, халықаралық келісімдердің, реттеуші органдардың және Банктің ІНҚ талаптарын, сондай-ақ халықаралық қаржылық санкцияларды сақтайды.
13. Банк Клиентпен іскерлік қатынастар орнатқанға дейін бенефициарлық меншік иелерін анықтауды (сәйкестендіруді) қоса алғанда, Клиенттерді, олардың өкілдерін тиісті дәрежеде тексеру жөнінде шаралар қабылдайды.
Клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті дәрежеде тексеру мақсатында Банк Клиенттен (оның өкілінен) келесі жағдайларда кез келген мәліметтер мен құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы:

1) Клиентпен іскерлік қатынастар орнату;
2) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды, оның ішінде күдікті операцияларды жүргізу;
3) Клиент (оның өкілі), бенефициарлық меншік иесі туралы бұрын алынған мәліметтердің шынайылығына күмәндану үшін негіздер болған;
4) Клиент (оның өкілі), бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту.

14. Ереже Банктің банкаралық операцияларды жүзеге асыруының жалпы (стандартты) талаптарын, банк-контрагенттермен өзара іс-қимыл жасау тәртібін, тараптардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді. Операцияларды жүргізудің өзге де талаптары ҚР заңнамасымен, Банктің ІНҚ-мен және банк-контрагенттермен жасалатын басқарушылық/бас келісімдермен белгіленеді.
15. Ереже ҚР заңнамасында және Банктің ІНҚ-да белгіленген ерекшеліктер, шектеулер мен айрықша талаптар ескеріле отырып, Банктің жұмыскерлеріне және Банкпен айрықша қатынастағы тұлғаларға қатысты қолданылады. Банкпен айрықша қатынастағы тұлғалармен жасалатын барлық мәмілелерді, мұндай мәмілелердің үлгі талаптарын ҚР заңдарына сәйкес жеңілдікті талаптар ұсынбай-ақ Директорлар Кеңесі бекіткен жағдайларды қоспағанда, Директорлар кеңесі бекітеді, БАҚТ салымдары (депозиттері) бойынша сыйақының дербес мөлшерлемелері БАҚТ болып табылмайтын үшінші тұлғаларға берілетін мөлшерлемеден жоғары белгіленбейді.

2-бөлім. Клиенттермен жұмыс істеу туралы қағида

2.1-параграф. Банктік қызметтерді көрсету және Клиенттерге кеңес беру кезінде ақпаратты ашу

16. Банк қызметін алу қажеттілігі туындаған кезде Клиент Банктің кез келген филиалына/бөлімшесіне жүгіне алады, сондай-ақ Банктің қашықтықтан қызмет көрсету арналарын пайдалана алады. Банк операциясының әрбір түрі бойынша клиенттік өтінімдерді қараудың ішкі тәртібі Банктің ІНҚ-мен реттеледі, өтінімдерді қарау мерзімдері Ереженің №6 қосымшасында сипатталған.
17. Банк ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес дербес деректерді қорғауды және банк құпиясының сақталуын қамтамасыз ете отырып, Клиентпен өзара іс-қимыл жасаудың барлық кезеңдерінде (шарт жасасқанға дейін, шарт жасасу сәтінде, шарттың қолданылу мерзімі ішінде) ақпаратты ашуды жүзеге асырады.
18. Банк қызметтері туралы ақпарат Клиентке ауызша, жазбаша не шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде оның сақталуын және өзгеріссіз түрінде қайта жаңғыртылу мүмкіндігін қамтамасыз ететін нысанда өтеусіз ұсынылады.
19. Банк қызметтері туралы ақпаратты ашу ақпаратты Банк үй-жайларында, ресми интернет-ресурсында (www.bcc.kz) және Банктің мобильді қосымшасында орналастыру, жарнама тарату, сондай-ақ Банк жұмыскерлері/Агенттер Клиенттерге консультация берген кезде жүзеге асырылады.
20. Банктік қарыз туралы ақпаратты Клиенттерге ұсыну мақсатында Банк өзінің интернет-ресурсында мыналарды анықтауға мүмкіндік беретін калькуляторларға (автоматтандырылған есептеу құралдарына) қолжетімділікті қамтамасыз етеді:

1) сараланған, аннуитеттік өтеу әдістерін, Банктің ішкі құжатында көзделген өзге де өтеу әдісін пайдалана отырып, төлемдердің мөлшері мен қарыз бойынша төлемдердің жалпы сомасы;

2) қаржылық өнімге байланысты барлық төлемдерді ескере отырып, СЖТМ-нің қорытынды мәні. Мұндай калькуляторлар арқылы алынған ақпарат анықтамалық сипатта болады.

21. Банк өзінің интернет-ресурсында және мобильді қосымшасында ҚР заңнамасында, шарттарда және Банктің ІНҚ-да көзделген Клиенттердің өтініштерін беруге арналған электронды сервистердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді.
22. Банк мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектелген топтарына олардың қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, банк қызметтері туралы ақпаратты ашуды жүзеге асырады және оған осы 2.1-параграфта көзделген ақпараттан бөлек, мыналар туралы ақпаратты аталған адамдардың назарына жеткізу кіреді:

1) қолжетімді қызмет көрсету арналары (бөлімшелер, қашықтықтан қызмет көрсету арналары, байланыс орталығы, чат, бейнеконсультациялар) және оларды пайдалану тәртібі;

2) мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектелген топтары үшін бейімделген Банк үй-жайлары мен өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларының болуы мен орналасқан жері, олардың жұмыс режимі, сондай-ақ мұндай жайларда көрсетілетін банк қызметтерінің тізбесі;

3) құжаттар мен мәліметтерді алудың қолжетімді форматтары;

4) Клиенттің немесе оның сенімді тұлғасының өтініші бойынша хабардар ету мен қызмет көрсетудің бөлек арналарын өшіру мүмкіндігі, сондай-ақ мұндай өтінішті беру тәртібі;

5) қашықтан қызмет көрсету кезінде шектеулерді (соның ішінде операциялар түрлері және (немесе) сомалар бойынша) белгілеу мүмкіндігі және оларды белгілеу, өзгерту немесе күшін жою тәртібі;

6) сенім білдірілген тұлғаның операцияларды қосымша растау сервистері (Банкте мұндай сервис болған жағдайда), оны қосу және өшіру шарттары, расталуға тиіс операциялар тізбесі, сондай-ақ растау мерзімдері туралы;

7) денсаулық жағдайы бойынша шектеулер болған кезде құжаттарға қол қоюдың және Клиенттің ерік білдіруін рәсімдеудің қолжетімді тәсілдері туралы;

8) қашықтан қызмет көрсету арналары арқылы жүгінген кезде Банк жұмыскерінен консультация алу тәртібі, соның ішінде тек дауыстық ақпараттандырудың автоматтандырылған жүйесімен өзара іс-қимыл жасаудың орнына Жұмыскерге жүгіну мүмкіндігі туралы.

23. Шарт жасалғанға дейін консультация беретін Банк жұмыскерлері/Агенттер өздерін таныстырады және өзінің тегін, атын және әкесінің атын (ол бар болса) хабарлайды, сондай-ақ Клиентке келесі ақпаратты түсіндіреді:

1) мөлшерлемелерді, тарифтерді, комиссияларды және өзге де төлемдерді, тараптардың құқықтары мен міндеттерін қоса алғанда, банктік қызметтің елеулі шарттары;

2) банктік қызметке байланысты тәуекелдер, міндеттемелерді орындамаудың салдарлары;

3) қосалқы қарыз алушының, кепіл берушінің, кепілгердің, кепілдік берушінің және банктік қарыз шартының тарапы болып табылатын өзге де тұлғаның жауапкершілігі;

4) қосымша қызметтердің шарттары және олардан бас тарту құқығы, қосымша қызметтерді алуға байланысты жасалатын шарттардың шарттары, соның ішінде қосымша шығыстардың болуы туралы мәліметтер;

5) әртүрлі әдістермен есептелген қарызды өтеу кестелерінің жобаларын жазбаша нышанда немесе Банктің қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы ұсына отырып, банктік қарызды өтеу әдістерінің айырмашылығы, сондай-ақ қосымша қызметтерді ескере отырып және ескермей СЖТМ есептеу;

6) қызметтерді көрсету мерзімдері, сондай-ақ Клиентте туындаған сұрақтар бойынша басқа да түсіндірмелер береді.

24. Консультацияларды Банк қызметкері/Агент банктік қызметтерді ұсыну және Клиенттерге консультация беру кезінде ақпараттың толық әрі шынайы ашылуын қамтамасыз ету мақсатында, банктік қызметті алу мақсаттарын (қажеттіліктерін) және Клиент ұсынған немесе Банкте бар бұрын алынған банктік қызметтер туралы ақпаратты ескере отырып береді және олар Банктің ІНҚ белгіленген тәртіппен құжаттауға тиіс.

25. Бұл ретте жосықсыз практикаларға, соның ішінде шынайы емес немесе адастыратын ақпаратты ұсынуға, банктік қызметке байланысты елеулі шарттар мен тәуекелдерді жасыруға, түсіндіруді қосымша қызметтерді таңумен ауыстыруға жол берілмейді.

26. Қызметтерді қашықтан көрсету тәсілі кезінде шарт жасалғанға дейін Банк осы Ереженің 23-тармағына сәйкес жеке өзара іс-қимыл жасау кезінде ұсынылатын ақпаратқа сәйкес келетін көлемде электронды нысанда толық және шынайы ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз етеді.

27. Банк жұмыскерлері/Агенттер шарт жасасу сәтінде Клиентке оның қағидаларымен танысу үшін қажетті уақыт береді және мыналарды түсіндіреді:

1) шарт бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері;

2) банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындау құқығы;

3) банктік қызметтен бас тарту немесе Клиенттің бастамасы бойынша шартты бұзу құқығы, сондай-ақ мұндай бас тартуға немесе бұзуға байланысты болуы мүмкін шығыстар;

4) шартты мерзімінен бұрын тоқтатудың негіздері мен тәртібі;

5) банктік шот бойынша орындалатын операциялардың түрлері, соның ішінде төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру тәртібі, сондай-ақ банктік шоттардағы ақшаны билеуге қойылатын шектеулердің негіздері;

6) өтініштерді беру тәртібі, Банктің оларды қарау мерзімдері, сондай-ақ банктік омбудсманға жүгіну құқығы.

28. Банк банктік шоттарды ашу, жүргізу және жабу, төлем карточкаларын шығару тәртібін, сондай-ақ оларды пайдалану арқылы операцияларға қызмет көрсету жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды регламенттейтін ҚР заңнамасының талаптарын ескере отырып, банктік шот және салым шарттары, төлем карточкасын беру туралы шарт бойынша ақпаратты ашуды жүзеге асырады.

29. Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ЖТ Клиентпен банктік қарыз шартын жасасу сәтінде Банк жұмыскері/Агент мынадай ақпаратты қамтитын қарызды өтеу кестесін ұсынуды қамтамасыз етеді:

1) қарыз сомасы мен валютасы;

2) қарыз мерзімі;

3) жылдық пайыздары немесе тіркелген сомадағы сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері;

4) қарыз бойынша СЖТМ мөлшері (пайызбен);

5) сыйақы мөлшерлемесінің түрі: тіркелген немесе өзгермалы;

6) егер шартта өзгермелі сыйақы мөлшерлемесі көзделген болса, өзгермелі сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі;

7) қарызды өтеу әдісі: Банктің ІНҚ-ға сәйкес есептелген сараланған, аннуитеттік немесе қарызды өтеудің өзге әдісі;

8) қарыз бойынша негізгі борыш сомасын және есептелген сыйақыны өтеу есебіне төлемдердің саны мен мерзімділігі (күні);

9) төлемді негізгі борышқа және есептелген сыйақыға бөле отырып, оның мөлшері;

10) қарыз бойынша төлемдерді негізгі борышқа және есептелген сыйақыға бөле отырып, олардың жиынтық мөлшері.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары шарт шарттары бойынша қарыз мерзімі бір айдан аспайтын шартқа, шарт шарттары бойынша овердрафт кредиті берілген шартқа, сондай-ақ кредит желісін ұсыну (ашу) туралы келісімге қолданылмайды.

30. Банктік қарыз шартына қызмет көрсету кезеңінде Банк Клиенттің (қарыз алушының) немесе кепіл берушінің сұрау салуы бойынша (Банктер туралы ҚРЗ-да көзделген банктік құпияны жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып) сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жазбаша не банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен мыналар туралы мәліметтерді ұсынады:

1) Банкке төленген ақша сомасы;

2) мерзімі өткен берешек мөлшері (бар болса);

3) борыш қалдығы;

4) кезекті төлемдердің мөлшері мен мерзімдері;

5) кредит беру лимиті (бар болса).

31. Клиенттің (қарыз алушының) өтініші бойынша Банк 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде айына 1 (бір) реттен жиі емес, банктік қарыз шарты бойынша берешекті өтеу есебіне түсетін Клиент ақшасын бөлу туралы ақпаратты жазбаша нышанда өтеусіз ұсынады. Ақпаратты айына 1 (бір) реттен жиі ұсыну Банктің ішкі құжаттарында және банктік қарыз шартында айқындалған шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

32. Клиенттің (қарыз алушының) банктік қарыз шарты бойынша берілген ақшаны Банкке ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініші бойынша Банк өтеусіз 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жазбаша нышанда не банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен оған қайтаруға тиісті соманың мөлшерін хабарлайды.

33. Егер банктік қарыз шартында көзделген болса, Банк Клиентке (қарыз алушыға) осы Ереженің 30-тармағында көзделген мәліметтерді шартта белгіленген мерзімділікпен және тәсілмен ұсынады.

34. Осы Ереженің 30, 31, 32, 33-тармақтарында көзделген мәліметтер негізгі борыш, сыйақы, комиссия, өсімақы сомасы және айыппұл санкцияларының өзге де түрлері, сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомалар көрсетіле отырып ұсынылады.

35. Қарыз бойынша берешек толық өтелгеннен кейін Клиенттің (қарыз алушының) өтініші бойынша Банк өтінішті алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өтеусіз жазбаша нышанда не банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен берешектің жоқтығы туралы анықтаманы ұсынады. Егер Клиенттің (қарыз алушының) өтінішінде қосымша мәліметтер және (немесе) ақпарат сұратылса, онда өтініш осы Ереженің 190-тармағында белгіленген мерзімдерде қаралады.

36. Банк сақтандыру шартын жасасу шарттарында көзделген қарыз толық мерзімінен бұрын өтелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Клиентке (қарыз алушыға) банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен осындай сақтандыру шартын бұзуға және ҚР Азаматтық кодексінің 842-бабы 2-тармағының төртінші бөлігінде көзделген тәсілмен сақтандырудың пайдаланылмаған кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтаруға оның құқығы туралы хабарлайды.

37. ЖТ Клиентінің (қарыз алушының) сұрауы бойынша Банк 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей оған биометриялық сәйкестендіруді жүргізу күні мен тәсілін қоса алғанда, оны жүргізу процесі туралы, Банктің және ҚР Ұлттық Банкінің антифрод-орталығының деректер базасында ол туралы ақпараттың болуы мәніне деректерді жүргізілген салыстырып тексеру туралы, сондай-ақ өтінішті

қарау және тұтынушылық банктік қарыз шартын жасасу кезінде пайдаланылған борыштық жүктеме коэффициентінің мәні туралы мәліметтерді ұсынады.

38. Банктің мерзімі өткен берешегі бар Клиентпен (қарыз алушымен) және (немесе) оның өкілімен және (немесе) банктік қарыз шарты шеңберінде Банкпен міндеттемелермен байланысты үшінші тұлғамен өзара іс-қимылы осы Ереженің 6-тарауының 6.4-параграфының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

2.2-параграф. Мүгедектігі бар тұлғаларға және халықтың жүріп-тұруы шектелген топтарына қызмет көрсету тәртібі

39. Мүгедектігі бар тұлғаларға (бұдан әрі — МБТ) және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына жататын тұлғаларға (бұдан әрі — ХЖШТ) банктік қызметтерді көрсету осы Параграф 2.2 қағидаларын ескере отырып, осы Ереженің 2-тарауында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

40. Банк МБТ/ХЖШТ-ға банктік қызметтерді көрсету кезінде ҚР заңнамасына, ұлттық стандарттарға және Банктің МБТ/ХЖШТ-ға банктік қызметтерді көрсету процесін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қажетті қолжетімділік деңгейін және МБТ/ХЖШТ ерекшеліктерін ескере отырып, Банк бөлімшелерінің ғимараттары мен жайларын, соның ішінде жалға алынатындарды, сондай-ақ цифрлық сервистерді бейімдеуді қамтамасыз етеді, оларға қызмет көрсету кезінде Банк жұмыскерлерінің өзара іс-қимыл жасау тәртібін, соның ішінде қызмет көрсету жөніндегі мамандарды оқытуды ұйымдастыруға және олардың құзыретін арттыруға қойылатын талаптарды белгілейді.

41. МБТ/ХЖШТ-ға банктік қызметтер және оларды алу шарттары туралы ақпаратты Банк олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, толық әрі шынайы ақпарат алуға мүмкіндік беретін қолжетімді нысандарда ұсынады, мұндай ақпарат ауызша түсіндірулерді, сондай-ақ шарттар жасалғанға және банктік операциялар жасалғанға дейін ұсынылатын сенім білдірілген тұлға арқылы ақпарат алу мүмкіндігін қамтиды.

42. Банк МБТ/ХЖШТ-мен іскерлік қатынастар орнатқаннан кейін, оларға тиесілі ақшалай қаражатты билеуге байланысты операцияларды жасау кезінде кәмелетке толған үшінші тұлға Банкте жеке өзі болғанда және оның жеке басын куәландыратын құжатты, МБТ/ХЖШТ жеке басын куәландыратын құжаттың нотариаттық куәландырылған көшірмесін және ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген әрі рәсімделген нотариаттық куәландырылған сенімхатты ұсынған кезде осы үшінші тұлға арқылы кейіннен қызмет көрсетуге жол беріледі.

43. Әрекетке қабілетсіз/әрекет қабілеті шектеулі деп танылған МБТ/ХЖШТ-ға банктік қызметтерді көрсету ҚР заңнамасында және Банктің ІНҚ-да көзделген тәртіппен олардың заңды өкілдері арқылы жүзеге асырылады.

44. МБТ/ХЖШТ-ға қызмет көрсету кезінде алаяқтық әрекеттер салдарынан қаржылық шығындар тәуекеліне әкеп соғатын операцияларды азайту және алдын алу мақсатында Банктің ішкі нормативтік құжаттарында және ҚР заңнамасының талаптарында белгіленген тәртіппен МБТ/ХЖШТ жасасатын операцияларды қосымша бақылау өкілеттіктері бар сенім білдірілген тұлғаны (тұлғаларды) МБТ/ХЖШТ жазбаша өтініші бойынша тағайындай отырып, «Сенімді контакт» («Екінші қол») сервисіне қосылу мүмкіндігі беріледі.

Бұл ретте МБТ/ХЖШТ немесе Сенім білдірілген тұлға «Екінші қол» сервисінің қызметін өшіруге/одан бас тартуға құқылы.

Сенім білдірілген тұлға МБТ/ХЖШТ-ның жекелеген жоғары тәуекелді банктік операцияларын, соның ішінде аударымдарды, төлемдерді немесе белгіленген лимиттен тыс ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруды және оны тағайындау кезінде МБТ/ХЖШТ айқындаған өкілеттіктер шегіндегі өзге де әрекеттерді растауға немесе қабылдамай тастауға құқылы.

Сенім білдірілген тұлғаның өкілеттіктерін өзгерту или кері қайтарып алу МБТ/ХЖШТ жазбаша өтініші негізінде не Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де тәсілмен жүзеге асырылады.

45. Операциялық және комплаенс-тәуекелдерді басқару мақсатында Банк сенім білдірілген тұлға жасайтын операциялар тізбесін шектеуге, сондай-ақ мұндай тұлғаның өкілеттіктерін сәйкестендірудің және растаудың қосымша процедураларын енгізуге құқылы.

2.3-параграф. Банк пен Клиент арасындағы келіспеушіліктерді реттеу кезінде Клиентпен және банк омбудсманымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі

46. Клиент кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес қарыз бойынша берешекті сотқа дейін реттеу туралы өтінішпен Банкке бір мезгілде хабарлай отырып, мынадай күннен бастап үш ай ішінде банктік омбудсманға жүгінуге құқылы:

1) қарыз алушы ұсынған өзгерістерді банктік қарыз шартының шарттарына енгізуден бас тарту туралы осындай бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесі бар Банк шешімін алған;

2) Клиент Банктің банктік қарыз шартына өзгерістер енгізу туралы Клиентке қарсы ұсынысы туралы Банк шешімін алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Банк пен Клиент арасында банктік қарыз шартының шарттарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген, бұл банктік қарыз шартының шарттарын өзгертуден бас тарту болып саналады. Көрсетілген мерзім екі тараптың да келісімі болған кезде ұзартылуы мүмкін.

47. Банктік омбудсман қызметінің байланыс ақпараты Банктің www.bcc.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

48. Банктік омбудсманның шешімімен келіспеген жағдайда Банк немесе Клиент банктік омбудсманның шешімін алған күннен кейін 3 (үш) ай ішінде сотқа жүгінуге құқылы.

3-бөлім. Банктік қызметтерді көрсету туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімдері

49. Банктік қызметтерді көрсету туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімдері осы Ереженің 6-қосымшасында көрсетілген және ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

4-бөлім. Банктік операцияларды жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары

50. Банктік операцияларды жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен Тарифтердің шекті шамалары осы Ереженің 4 және 5-қосымшаларында көрсетілген. Қосымшалар шеңберінде Клиенттерге қолданылатын нақты мөлшерлемелер мен Тарифтер Шарттарда көрсетіледі.

5-бөлім. Банктік шоттарды ашу және жүргізу. Депозиттерді (салымдарды) қабылдау

5.1-параграф. Банктік шоттарды ашу, жүргізу және жабу, шоттар бойынша операцияларды шектеудің негіздемелері мен тәртібі

51. Банк Клиенттерге ҚРЗ, Банктің ішкі құжаттарына және тиісті Шартың шарттарына сәйкес ұлттық және шетел валютасында мынадай банктік шоттарды ашады:

1) Клиенттердің ағымдағы шоттары, оның ішінде эскроу режиміндегі;

2) Клиенттердің жинақ шоттары, оның ішінде эскроу режиміндегі;

3) банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары.

52. Банктердің, «Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушы банктерінің, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, ҚР резиденті емес қаржы ұйымдарының корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу (оның ішінде халықаралық және ішкі банкаралық есеп айырысуларды қамтамасыз ету үшін) ҚР заңнамасында және Банктің ІҚҚ-да (ішкі нормативтік құжаттарында) көзделген шот ашуға арналған құжаттардың толық пакеті ұсынылғаннан кейін жасалған Корреспонденттік қатынастарды орнату туралы шарт/келісім негізінде жүзеге асырылады.

53. Банктік шот ашу үшін Клиент Банкке белгіленген нысан бойынша қағаз жеткізгіште немесе электронды нысанда өтініш береді, сондай-ақ ҚРЗ мен Банктің талаптарында көзделген құжаттарды ұсынады.

54. Шот ашылғанға дейін Банк Клиентті, оның өкілін және бенефициарлық меншіктенушіні сәйкестендіруді, сондай-ақ КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы ҚРЗ-да көзделген өзге де рәсімдерді жүзеге асырады.

55. Шот ашу электронды цифрлық қолтаңбаны, динамикалық сәйкестендіруді, биометриялық аутентификацияны және ҚР заңнамасында әрі Банктің ішкі рәсімдерінде көзделген өзге де сәйкестендіру тәсілдерін пайдалана отырып, қашықтан жүзеге асырылуы мүмкін.
56. Банк ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда шот ашудан бас тартуға құқылы, оның ішінде келесі жағдайларда:
1) Клиент ҚР заңнамасына және Банктің ІҚҚ-на сәйкес банктік шот ашу үшін қажетті құжаттардың толық пакетін ұсынбағанда;
2) Клиенттің қолданыстағы шоттары бойынша мемлекеттік органдар немесе үшінші тұлғалар тарапынан шектеулер (шығыс операцияларын тоқтата тұру, ақшаны алып қойу талаптары, тыйым салу) болғанда және оларды орындау үшін қаражат жеткіліксіз болғанда;
3) Клиент әрекетсіз салық төлеушілер тізіліміне енгізілгенде;
4) банктік шот анонимді немесе ойдан шығарылған иелеріне ашылғанда;
5) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы қолданыстағы ҚРЗ-да және Банктің ІҚҚ-да көзделген Клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншіктенушілерді тиісінше тексеру бойынша шаралар қабылдау мүмкін болмағанда;
6) қолданыстағы ҚР заңнамасында және Банктің ІҚҚ-да көзделген өзге де жағдайларда.
57. Банк банктік шотты Шартыңа, ҚР заңнамасына және Банктің ІҚҚ-на сәйкес жүргізеді.
58. Банктік шотты жүргізу шеңберінде Банк мыналарды жүзеге асырады:
1) Клиенттің ақшасын сақтау және пайдаланылуын қамтамасыз ету;
2) Клиенттің пайдасына ақша қабылдау (түсіру);
3) Клиенттің үшінші тұлғалардың пайдасына ақша аудару туралы нұсқауын орындау;
4) ҚР заңдарында және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Клиенттің ақшасын алып қою туралы үшінші тұлғалардың нұсқауын орындау;
5) Шарт талаптарымен Клиентке ақшаны қайтару (оның ішінде салымдар бойынша);
6) Шарт талаптарымен Клиентке ақшаны қайтару (оның ішінде салымдар бойынша);
7) қолма-қол ақшаны қабылдау және беру;
8) ҚР заңнамасында және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша ақшаны есептен шығару;
9) Клиенттің ақша сомасы және жасалған операциялар туралы ақпарат ұсыну;
10) Шартқа және ҚР заңнамасына сәйкес өзге де банктік қызмет көрсету.
59. Клиент Шартта көзделген тәртіппен келесі ақпаратты алуға құқылы::
1) банктік шоттың нөмірі туралы;
2) шоттағы ақша қалдығы туралы;
3) шот бойынша ақшаның қозғалысы туралы;
4) жасалған операциялар мен өзге де мәліметтер туралы.
60. Егер ҚР заңнамасында, Шартта немесе тиісті банктік өнімнің шарттарында өзгеше көзделмесе, ағымдағы шоттағы ақша қалдығының ең төменгі және ең жоғары мөлшері шектелмейді.
61. Банк Клиенттің шоты бойынша операцияларды жүргізуді тек ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен шектеуге құқылы, оның ішінде:
1) шығыс операцияларын тоқтата тұру кезінде;
2) шоттағы ақшаға тыйым салу кезінде;
3) ақша сомаларын бұғаттау кезінде;
4) Клиенттің нұсқауын орындаудан бас тарту немесе тоқтата тұру кезінде;
5) ҚР заңнамасында және Шарт шарттарында көзделген өзге де шектеулер кезінде.
Шектеулерді Банк уәкілетті мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың шешімдері, қаулылары, өкімдері және басқа да құжаттары негізінде не ҚР заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда қолданады.
62. Шот жабылған кезде ақша қалдығы Клиентке беріледі немесе Клиенттің нұсқауы бойынша басқа шотқа аударылады, бұл ретте Банк ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен, жағдайларда және мерзімдерде мемлекеттік кірістер органдарын бірден хабардар етеді.

63. ҚР заңнамасына сәйкес шотты жабуға кедергі келтіретін мән-жайлар болған кезде шотты жабуға жол берілмейді, оның ішінде мынадай жағдайлар бар болса:

1) уәкілетті органдардың орындалмаған талаптары;
2) шот бойынша ақшаға тыйым салу немесе шығыс операцияларын тоқтата тұру;
3) ҚР заңнамасында белгіленген өзге де шектеулер.

5.2-параграф. Депозиттерді қабылдау, банктік салым шартын жасасу, сыйақыны есептеу және төлеу тәртібі, сондай-ақ банктік салым шартын мерзімінен бұрын бұзу шарттары мен тәртібі

64. Банк пен Клиент (депозитор/салымшы) арасындағы қатынастар тараптар арасында жасалған Шартпен/Өтінішпен және ҚР заңнамасымен реттеледі, оларға сәйкес Банк Клиенттен ақшаны (салымды) қабылдауға, салым сомасын есепке алу үшін Клиентке жинақ шотын ашуға, Шартта көзделген мөлшерде әрі тәртіппен сыйақы төлеуге, сондай-ақ ҚР заңнамасында және Шартта көзделген шарттарда әрі тәртіппен салым сомасы мен есептелген сыйақыны қайтаруға міндеттенеді.

65. Жинақ шоттары бойынша операцияларды Банк мыналардың негізінде жүзеге асырады:

1) ҚР заңнамасына сәйкес нотариаттық куәландырылған сенімхат негізінде Клиенттің атынан әрекет ететін Клиенттің және/немесе оның заңды өкілінің, үшінші тұлғалардың өкімдері бар төлем және кассалық құжаттары;
2) ҚР заңнамасына сәйкес Клиенттің акцептін талап етпейтін үшінші тұлғалардың талаптары;
3) егер бұл жасалған Шарт талаптарына және ҚР заңнамасына қайшы келмесе, Банктің өкімі;
4) ҚР заңнамасында және (немесе) Шартта көзделген жағдайларда.

66. Банк Шарт жасалғанға дейін, Ережелердің 23-тармағында көзделген мәліметтер мен құжаттардан бөлек, Клиентке банктік салымдар бойынша мынадай ақпаратты ауызша нысанда ұсынады:

1) салым түрі (талап етілгенге дейінгі, мерзімді, жинақ, шартты);
2) салым мерзімі (бар болса);
3) салымның ең төменгі сомасы;
4) сыйақы мөлшерлемелері, оның ішінде клиент жүгінген күндегі шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі (нақты құны);
5) қосымша келісім жасасмай салым мерзімін ұзарту шарттары (бар болса);
6) салымды толықтыру, капитализациялау мүмкіндігі;
7) салымды толықтыру, капитализациялау мүмкіндігі;;
8) ҚР заңнамалық актілерімен белгіленген кепілдік берілетін банктік салымдар бойынша кепілдік өтемақысының мөлшері.

67. Шарт жазбаша, соның ішінде қашықтан қызмет көрсету арналарын пайдалану кезінде электронды нысанда жасалады.

68. Қабылданатын депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті сомалары, мерзімдері мен шамалары Ережеге №1 қосымшада көрсетілген. Клиенттерге қолданылатын нақты мөлшерлемелер мен Тарифтер тиісті Шарттарда/Өтініштерде көрсетіледі.

69. Банк қабылдайтын депозиттер (салымдар) салымдарды қайтару шарттары мен олар бойынша сыйақыға байланысты мынадай түрлерге бөлінеді:

1) талап етілгенге дейінгі салымдар;
2) мерзімді салымдар;
3) жинақ салымдары;
4) шартты салымдар және міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету (кепіл) болып табылатын салымдар, өзге де салымдар.

70. Егер Банктің уәкілетті органымен өзгеше белгіленбесе, әдепкі бойынша депозиттер (салымдар) бойынша сыйақыны есептеу үшін Банк пен Клиент шартты кезеңді айдағы күндердің нақты санына тең деп, ал шартты жылды 365 (үш жүз алпыс бес) күнтізбелік күнге тең деп қабылдайды. Бұл ретте ақшаның шотта орналастырылған нақты мерзімі қосымша жарналар мен олардың бөліктерін алуды (егер мұндайлар болса) ескере отырып есепке алынады.

71. Депозит (салым) бойынша сыйақы тиісті Өтініште/Шартта белгіленген тәртіппен төленеді. Салымдардың (депозиттердің) түрлеріне байланысты Банк сыйақыны есептеу мен төлеудің әртүрлі кезеңдерін қолданады: күнделікті, ай сайын, тоқсан сайын, жылына бір рет немесе депозит (салым) мерзімінің соңында біржолғы.
72. Банк алдындағы немесе үшінші тұлғалар алдындағы Клиент міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету болып табылатын депозитті (салымды) қоспағанда, салымды (депозитті) Шарттың қолданылу кезеңінде Шартта белгіленген шарттарда және тәртіппен кез келген уақытта талап етуге болады.
73. Резидент жеке тұлғалардың салымдары бойынша сыйақыға төлем көзінен ұсталатын салық салынбайды. Резидент емес жеке тұлғалардың салымдары бойынша сыйақы ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалады және ұсталады.
74. Заңды тұлғаның салымы (депозиті) бойынша есептелген сыйақыны төлеу, егер мұндай ұстау ҚР заңнамасында көзделген болса, төлем көзінен алынатын табыс салығы ұстала отырып жүзеге асырылады.
75. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген жағдайларда әрі тәртіппен банктік салым шартын мерзімінен бұрын бұзу және салымды қайтару туралы өтінішпен Банкке жүгінуге құқылы.
76. Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде:

1) мерзімді салым бойынша – салымды қайтару Клиенттің талабы түскен сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады;

2) жинақ салымы бойынша – салымды қайтару Клиенттің талабы түскен сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен ерте емес мерзімде жүзеге асырылады;

3) шартты салымдар бойынша – Шарт салымды қайтарумен байланыстыратын мән-жайлар туындағанға дейін жүзеге асырылады. Бұл ретте Банк ҚР заңнамасына сәйкес Клиенттің талабы түскен сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей салымды немесе оның бөлігін беруге міндетті.

77. Шарттары мерзімінен бұрын бұзылған кезде есептелген сыйақының жоғалуын немесе қайта есептелуін көздейтін салымдар (депозиттер) бойынша салымды (депозитті) қайтару осы Ереженің 76-тармағында көзделген мерзімдерді ескере отырып, Өтініште көзделген шарттарда жүзеге асырылады.
78. Мерзімді немесе жинақ салымы мерзімінен бұрын қайтарылған кезде Банк сыйақыны Шарт шарттарына және ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес қайта есептейді.
79. Шартты мерзімінен бұрын бұзудың салдарлары, соның ішінде есептелген сыйақы мөлшерін өзгерту, бұрын төленген сыйақыны ұстау немесе қайта есептеудің өзге де шарттары Шартпен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.
80. Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде салым сомасын қайтару және сыйақыны төлеу Шартта және ҚР заңнамасында көзделген мерзімде әрі тәртіппен жүзеге асырылады.

5.3-параграф. Депозиттерге кепілдік беру жүйесі

81. Банкпен банктік шот және (немесе) банктік салым шартын жасасқан не пайдасына салым енгізілген жеке тұлғалардың, оның ішінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің, жеке нотариустардың, жеке сот орындаушыларының, адвокаттардың және кәсіби медиаторлардың салымдары (депозиттері) мен шоттары «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚРЗ-на сәйкес депозиттерді (салымдарды)/ағымдағы шоттарды міндетті кепілдік беру объектілері болып табылады.
82. Кепілдік өтемақысының мөлшері туралы ақпаратпен Банктің интернет-ресурсында мына сілтеме бойынша танысуға болады: https://www.bcc.kz/personal/deposits/garantirovanie-depozitov/.
83. Кепілдік берілетін депозиттер бойынша кепілдік өтемақысын төлеу ҚР ұлттық валютасында жүзеге асырылады. Шетел валютасындағы депозиттер бойынша кепілдік өтемақысын есептеу үшін Банк барлық операцияларды жүзеге асыруға арналған банктік лицензиясынан айырылған күнге белгіленген валюталардың нарықтық айырбастау бағамы пайдаланылады.

84. Қолданыстағы «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚРЗ өзгерген кезде, мұндай өзгерістер депозиттерге (салымдарға)/ағымдағы шоттарға қатысты олар заңды күшіне енген сәттен бастап қолданылады.

6-бөлім. Банктік қарыз операциялары

6.1-параграф. Кредит беру талаптары

85. Банк қарыз операцияларын (банкаралық операцияларды қоспағанда) ҚР заңнамасына және Банктің ІНҚ-на сәйкес ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарымен, сондай-ақ Клиенттің (қарыз алушының) өзі және жасалатын мәміле туралы мәліметтерді, сондай-ақ тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты кредиттік бюролардың дерекқорына беруге жазбаша келісімі және кредиттік бюроның кредиттік есепті алушыға кредиттік есеп беруіне жазбаша келісімі болған жағдайда жүзеге асырады.

86. Банк пен Клиент арасындағы кредиттік өнімдер бойынша өзара қатынастар Банк белгілеген нысандар бойынша тиісті шарттарды (қарыз, кепіл, кепілдік, аккредитив шарттарын және өзге де шарттарды) жасасу арқылы шарттық негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте аталған шарттар кредиттік желі беру туралы келісімдер, қосылу шарттары және өзге де негіздемелік шарттар шеңберінде жасалуы мүмкін.

87. Кредиттер бойынша (банкаралық кредиттерді қоспағанда) шекті сомалар, мерзімдер және сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерлері Қағидаларға №2 қосымшада көрсетілген. Нақты сомалар, мерзімдер, мөлшерлемелер және Тарифтер Шарттарда көрсетіледі.

88. Банк кредиттік өнімдер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу кезінде тартылған ресурстардың құнын, кредит нарығындағы мөлшерлемелер деңгейін, ҚР ҰБ қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің мөлшерін, қаржы нарығының конъюнктурасын және баға белгілеудің өзге де маңызды факторларын басшылыққа алады.

89. Қарыз шартын жасасқанға және (немесе) Қосылу туралы өтінішке қол қойғанға дейін Банк Клиентке осы Қағидалардың 23-тармағында көзделген ақпаратты қосымша ауызша түрде ұсынады.

90. Қарыз бергенге немесе кредиттік лимитті ұлғайтқанға дейін Банк кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес қарыздың жеке тұлға Клиент үшін жарамдылығын бағалайды. Қарыздың жарамдылығын бағалау болжанатын міндеттемелердің жеке тұлға Клиенттің қаржылық мүмкіндіктеріне сәйкестігін және олардың тиісінше орындалу ықтималдығын айқындау мақсатында жүргізіледі. Бағалау жүргізу кезінде Банк төмендегілерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, талдау жүргізеді:

– жеке тұлға Клиенттің төлем қабілеттілігін;

– оның кредиттік тарихын;

– ағымдағы борыштық жүктемесінің деңгейін;

– қарыз берудің Клиенттің қолданыстағы қарыздар және өзге де міндеттемелер бойынша міндеттемелерін орындау қабілетіне әсерін;

– жоғары кредиттік, мінез-құлық тәуекелінің және (немесе) алаяқтық тәуекелінің белгілерінің болуын.

91. Бағалау жүргізу мақсатында Банк жеке тұлға Клиент туралы төмендегі мәліметтерді сұратуға, алуға және пайдалануға құқылы:

– қарыз алу мақсаты;

– қарыз қаражатын пайдаланудың болжамды тәсілі;

– кірістері, міндеттемелері және қаржылық жағдайы туралы мәліметтер;

– міндеттемелерді орындау қабілетін бағалау үшін маңызы бар өзге де мәліметтер.

Қарыздың жарамдылығын бағалау кезінде Банк жеке тұлға Клиенттің қарыз алуға және оған қызмет көрсетуге байланысты барлық шығыстарын, оның ішінде қосымша қызметтер қарыз берудің міндетті немесе ажырамас талаптары болып табылған жағдайда, осындай қызметтерге жұмсалатын шығыстарды ескереді.

92. Банк бағалау кезінде пайдаланылатын ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын тексеру бойынша, оның ішінде кредиттік бюролардың деректеріне, мемлекеттік ақпараттық жүйелерге және

өзге де қолжетімді дереккөздерге жүгіну арқылы шаралар қабылдайды. Қарыздың жарамдылығын бағалау факторлар жиынтығы негізінде жүзеге асырылады және тек Клиенттің кредиттік тарихының деректеріне ғана негізделмейді.
93. Жоғары кредиттік, мінез-құлық тәуекелінің және (немесе) алаяқтық тәуекелінің белгілері анықталған жағдайда, Банк өзіне қолжетімді ақпарат көздерін пайдалана отырып, ұсынылған мәліметтер мен жеке тұлға Клиент туралы ақпаратты тексерудің қосымша рәсімдерін жүзеге асыруға құқылы.
94. Қарыз жеке тұлға Клиент үшін жарамсыз деп танылған жағдайда, егер ҚР заңнамасында өзгеше көзделмесе, Банк мұндай шешімнің себептерін ашып көрсету міндетінсіз қарыз ұсынудан, беруден немесе кредиттік лимитті ұлғайтудан бас тартуға құқылы.

6.2-параграф. Банктік қарыз шартын жасасу, орындау, өзгерту және бұзу тәртібі

95. Банктік қарыз шартын жасасқанға дейін Банк осы Қағидаларға сәйкес Клиентке ақпаратты ашып көрсету және кеңес беру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес жеке тұлға Клиенттің негізгі ақпараттық құжатпен және оның қалауы бойынша банктік қарыз шартының жобасымен танысуын қамтамасыз етеді. Интернет арқылы қарыз берілген кезде аталған құжаттар цифрлық объектілерде оларға қол жеткізу мүмкіндігін ұсыну арқылы Клиенттің назарына жеткізіледі.
96. Осы тармақтың талаптары овердрафт шарттарына және кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімдерге қолданылмайды.
97. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес жеке тұлға Клиентпен банктік қарыз шартын жасасқанға дейін Банк қаржы өнімінің жарамдылық өлшемшарттарын ескере отырып, қарыз талаптарын ұсынады.
98. Қосымша қызметтерді бөлек ақыға ұсынған кезде Банк банктік қарыз шартын жасасқанға дейін Клиентке олардың мазмұны мен құны туралы толық және анық ақпарат береді, мұндай қызметтерден бас тарту құқығын түсіндіреді және Клиенттің әрбір қосымша қызметті алуға жеке өтінішке қол қоюымен расталатын еркін әрі саналы таңдау жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Клиент қосымша қызмет бойынша шығыстарды қарыз сомасына қосуды немесе оларды өз бетінше төлеуді таңдауға құқылы.
99. Банктік қарыз беру Клиенттің өз өмірін немесе денсаулығын сақтандыру міндетімен шартталмауы тиіс.
100. Егер қарыз беру талаптарында сақтандыру және (немесе) қамтамасыз ету болып табылатын мүлікті бағалау көзделсе, Банк Клиенттің сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдауын шектемейді.
101. Өмірді және (немесе) жазатайым оқиғалардан сақтандыру қызметін таңдаған кезде Клиент сақтандыру ұйымын өз бетінше айқындайды. Таңдалған сақтандыру ұйымында тиісті ұсыныстар болмаған жағдайда, Банк сақтандыру талаптары мен тарифтерін көрсете отырып, кемінде бес сақтандыру ұйымының қызметтерін ұсынады. Сақтандыру параметрлері Банк ұсынған сақтандыру ұйымдарының параметрлеріне (сақтандыру сомасын, сақтандыру тәуекелдерінің (сақтандыру жағдайларының) тізбесін, сақтандыру төлемін жүзеге асыру талаптарын және сақтандыру шартының қолданылу мерзімін қоса алғанда) сәйкес келген жағдайда, банктік қарыз талаптары Клиент таңдаған сақтандыру ұйымына байланысты өзгертілмейді.
102. Жеке тұлға Клиентке қарыз беру туралы шешім қабылдағанға дейін Банк кредиттік есепте төмендегілер туралы мәліметтердің болуын тексереді:

1) оның қарыз алудан ерікті түрде бас тартуды белгілеуі;
2) мерзімді әскери қызметке шақырылуы;
3) бұрын алынған қарыздар және (немесе) микрокредиттер.

103. Жеке тұлға Клиенттің кредиттік есебінде осы Қағидалардың 102-тармағының 1) немесе 2) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер болған жағдайда, Банк қарыз беруден бас тартады.
Осы Қағидалардың 102-тармағының талабы тұтынушылық банктік қарыз сомасын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу мақсатында тауарларды, жұмыстарды және

көрсетілетін қызметтерді сатушының (жеткізушінің) банктік шотына аудару жағдайларына қолданылмайды, олардың алынғанын жеке тұлға Клиент (қарыз алушы, сатып алушы) растайды.

104. Банк жеке тұлға Клиенттің мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық банктік қарыз шартын жасасу туралы өтініші бойынша ол келіп түскен сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде шешім қабылдайды. Жеке тұлға Клиентпен мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық банктік қарыз шартын жасасқанға дейін Банк алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде осы Қағидалардың 105-тармағына сәйкес жүзеге асырады.

105. Ықтимал алаяқтық белгілері немесе жеке тұлға Клиенттің үшінші тұлғалардың ықпалымен әрекеттер жасауы анықталған жағдайларда Банк Интернет арқылы мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық банктік қарыз шартын жасасқанға дейін қарыз алу мән-жайларына қосымша тексеру жүргізуге құқылы, бұл ретте осындай тексеру шеңберінде Банк жеке тұлға Клиентке ықтимал тәуекелдер туралы хабарлайды және қажетті түсіндірмелер береді. Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша Банк төмендегі шешімдердің бірін қабылдайды:

– банктік қарыз шартын жасасу туралы;

– анықталған мән-жайлар жойылғанға дейін шарт жасасу процесін тоқтата тұру туралы;

– ҚР заңнамасында және Банктің ІНҚ-да көзделген жағдайларда банктік қарыз шартын жасасудан бас тарту туралы.

106. Банк Клиенттің дербес деректерінің заңсыз таратылғанын анықтаған жағдайда, төмендегілерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, қосымша қауіпсіздік шараларын жүзеге асырады:

1) Клиенттің қайта биометриялық аутентификациядан өтуі;

2) ұялы байланыс абоненттік нөмірінің Клиентке тиесілі екенін тексеру;

3) Клиент көрсеткен ұялы байланыс желісінің абоненттік нөміріне тексеру қоңырауын шалып, Клиентке оның дербес деректерінің ұрланғаны туралы хабарлау және Клиентке қарыздарды ресімдеуге ерікті түрде тыйым салуды белгілеу жөнінде ұсыным беру.

107. Жеке тұлға Клиентпен Интернет арқылы банктік қарыз шартын жасасу жеке тұлға Клиенттің міндетті биометриялық аутентификациядан өтуімен жүзеге асырылады, бұған жеке тұлға Клиенттің бұрын Банк тарапынан биометриялық аутентификацияны қолдану арқылы сәйкестендірілген жағдайлары кірмейді, оны жүргізу тәртібі ҚР нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

108. 21 (жиырма бір) жасқа толмаған немесе 55 (елу бес) жастан асқан жеке тұлға Клиентпен мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық банктік қарыз шартын жасасу осы жеке тұлға Клиент ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген осындай шартты жасасуға келісімін бергеннен кейін жүзеге асырылады.

109. Жеке тұлға Клиентке тіркелуге жататын мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген, мөлшері 1000 (мың еселенген) АЕК-ке тең немесе одан асатын тұтынушылық банктік қарызды (қайта қаржыландыруға жататын тұтынушылық банктік қарыздарды қоспағанда) беру оның жұбайының (зайыбының) келісімі болған жағдайда жүзеге асырылады.

110. Банк қарыз беру туралы шешімінің қолданылу мерзімі ішінде талап етілетін келісімнің берілмеуі Клиенттің қарыз алудан бас тартуы болып есептеледі. Банк шешімінің қолданылу мерзімі Банктің ішкі нормативтік құжаттарында айқындалады.

111. Банк банктік қарыз шартында банктік қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты алынуға жататын барлық комиссиялар мен өзге де төлемдерді, сондай-ақ олардың мөлшерлерін көрсетеді.

112. Клиенттермен жасалатын шарттарда Банк сыйақы мөлшерлемелерін анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеумен (нақты құнын) көрсетеді.

113. Банктік қарыз шартында Банк сыйақы мөлшерлемесін төмендегідей белгілейді:

1) жеке тұлға Клиент үшін – тіркелген немесе құбылмалы;

2) заңды тұлға Клиент үшін – тіркелген және (немесе) құбылмалы.

114. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес жеке тұлға Клиентпен жасалған банктік қарыз шартында банктік қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты банктік шотты жүргізгені үшін, сондай-ақ қарызды банктік шотқа есепке жатқызғаны үшін комиссиялар белгіленбейді және алынбайды.

115. Жеке тұлға Клиентпен жасалатын банктік қарыз шартына ҚР ұлттық валютасында берілген банктік қарыз бойынша міндеттемелер мен төлемдерді кез келген валюталық немесе өзге де баламаға байланыстыра отырып индекстеу туралы талаптар енгізілмейді.
116. Жеке тұлға Клиенттің кредиттік есебінде осы Қағидалардың 102-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген ақпарат болмаған жағдайда және тұтынушылық банктік қарыз шартын жасасу туралы өтініште көрсетілген сома 150 (жүз елу еселенген) АЕК-тен асатын болса, Банк жеке тұлға Клиентпен мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық банктік қарыз шартын оның Банкте жеке өзі қатысуымен, Банкте берген жазбаша келісімі негізінде биометриялық аутентификация жүргізілгеннен кейін ғана жасасады.
117. Жеке тұлға Клиентке Интернет арқылы мөлшері 255 (екі жүз елу бес еселенген) АЕК және одан асатын мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық банктік қарыз берілген жағдайда, Банк ақшаны төмендегі талаптарды сақтай отырып береді:

1) банктік қарыз шартына қол қойылған сәттен бастап (тұтынушылық банктік қарыз сомасын ұлғайту туралы өтініш немесе бұрын жасалған шарт шеңберінде мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық банктік қарыз беру туралы өтініш мақұлданған сәттен бастап, оның талаптарында кредиттік карта бойынша белгіленген кредиттік лимитті қоспағанда, өтініш негізінде ақшаны толық көлемде немесе бөліп беру көзделген) 24 (жиырма төрт) сағаттан ерте емес;

2) осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген мерзім өткеннен кейін жеке тұлға Клиент ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген тұтынушылық банктік қарыз алуға келісімін бергеннен кейін.

118. Банк анықтаған алаяқтықтың жоғары тәуекелі болған жағдайда, мөлшері 150 (жүз елу еселенген) АЕК-тен асатын және 255 (екі жүз елу бес еселенген) АЕК-ке дейінгі мөлшерді қоса алғандағы мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық банктік қарызды беру банктік қарыз шартына қол қойылған немесе қарыз сомасы ұлғайтылған сәттен бастап 8 (сегіз) сағаттан ерте емес және жеке тұлға Клиенттің тұтынушылық банктік қарыз алуға келісімі алынғаннан кейін жүзеге асырылады.
119. Банк бір жеке тұлға Клиентке Интернет арқылы 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде жиынтық мөлшері 255 (екі жүз елу бес еселенген) АЕК-тен асатын мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген бірнеше тұтынушылық банктік қарыз берген жағдайда, Банк осы Қағидалардың 117-тармағының 1) тармақшасында белгіленген талаптарды сақтайды, сондай-ақ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі ішкі рәсімдерге сәйкес алаяқтық белгілерінің болуына тексеру жүргізеді.
120. Осы Қағидалардың 117–119-тармақтарының талаптары жеке тұлға Клиентпен Интернет арқылы жасалған, мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық банктік қарыз шарты бойынша жеке тұлға Клиентке ақшаны беру тәсілі мен орнына қарамастан, оның ішінде құжаттарға кейіннен қағаз жеткізгіште қол қою жағдайларын қоса алғанда, қолданылады.
121. Осы Қағидалардың 102-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мәліметтер жеке тұлға Клиенттің кредиттік есебінде болған жағдайда қарыз беруден бас тартуға қатысты осы Қағидалардың 103-тармағының талабы, сондай-ақ осы Қағидалардың 108 және 117-тармақтарының талаптары төмендегі жағдайларға қолданылмайды:

1) Банк тұтынушылық банктік қарыз сомасын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу мақсатында тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатушының (жеткізушінің) банктік шотына аударған кезде, олардың алынғанын Клиент растайды;

2) Банк жеке тұлға Клиентке осы Банктегі басқа қарызы бойынша берешегін өтеу мақсатында қарыз берген кезде;

3) төлем картасы бойынша белгіленген, мөлшері 150 (жүз елу еселенген) АЕК-тен аспайтын кредиттік лимит шеңберінде;

4) Банк жеке тұлға Клиентке салықтар, айыппұлдар, атқарушылық іс жүргізу бойынша берешекті төлеу мақсатында, төлем тек көрсетілген мақсаттарға ғана жүргізілген кезде қарыз берген жағдайда.

122. Мөлшері 255 (екі жүз елу бес еселенген) АЕК және одан асатын мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық банктік қарыз шартын жасасу кезінде (тұтынушылық банктік қарыз

сомасын ұлғайту туралы өтінішті немесе бұрын жасалған шарт шеңберінде мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық банктік қарыз беру туралы өтінішті мақұлдау кезінде, оның талаптарында өтініш негізінде ақшаны толық көлемде немесе бөліп беру көзделген) жеке тұлға Клиенттің күдікті мінез-құлқы анықталған жағдайда, Банк осы Қағидалардың 117-тармағының 1) тармақшасында және 119-тармағында белгіленген талаптарды сақтай отырып, жеке тұлға Клиентке ақша береді.

123. Қарызды өтеу үшін өтеудің әртүрлі әдістері, оның ішінде төмендегі міндетті әдістер қолданылуы мүмкін:

1) сараланған төлемдер әдісі, бұл ретте банктік қарыз шарты бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша тең төлем сомаларын және негізгі борыштың қалдығына белгілі бір кезең үшін есептелген сыйақыны қамтитын азаятын төлемдер арқылы жүзеге асырылады;

2) аннуитеттік төлемдер әдісі, бұл ретте банктік қарыз бойынша берешекті өтеу банктік қарыздың бүкіл мерзімі ішінде негізгі борыш бойынша ұлғаятын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығына белгілі бір кезең үшін есептелген сыйақы бойынша азаятын төлемдерді қамтитын тең төлемдер арқылы жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшерлері басқа төлемдерден өзгеше болуы мүмкін.

Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген тәртіп талаптары бойынша қарыз мерзімі бір айдан аспайтын шартқа немесе талаптары бойынша овердрафт кредиті берілген шартқа, сондай-ақ кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімге қолданылмайды.

124. Банк банктік қарыз шарты бойынша мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшіге қарыз бойынша сыйақы есептемей, мерзімді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейінгі 60 (алпыс) күнтізбелік күнді қамтитын кезеңге негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемдерді кейінге қалдыруды ұсынуға міндетті.

125. Жеке тұлға Клиентпен жасалған банктік қарыз шарты бойынша негізгі борыш сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері төмендегілерден аспауға тиіс:

– мерзімі өткен алғашқы 90 (тоқсан) күн ішінде мерзімі өткен төлем сомасының әрбір кешіктірілген күні үшін 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайызынан;

– мерзімі өткен 90 (тоқсан) күн өткеннен кейін мерзімі өткен төлем сомасының әрбір кешіктірілген күні үшін 0,03 (нөл бүтін жүзден үш) пайызынан, бірақ банктік қарыз шарты қолданылатын әрбір жыл үшін берілген қарыз сомасының он пайызынан аспауға тиіс.

126. Банк кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес жеке тұлға Клиентпен жасалған банктік қарыз шарты бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша кез келген төлемді өтеу жөніндегі міндеттемені орындау мерзімі қатарынан күнтізбелік тоқсан күнге кешіктіргеннен кейін есептелген сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), сондай-ақ қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдерді төлеу туралы талап қоймайды. Осы тармақтың талабы осы Қағидалардың 127-тармағында белгіленген жағдайға қолданылмайды.

127. Банк жеке тұлға Клиенттің ипотекалық қарызы бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша кез келген төлемді өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындау мерзімі қатарынан күнтізбелік жүз сексен күнге кешіктіргеннен кейін есептелген сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды), сондай-ақ ипотекалық қарызды беруге және (немесе) оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдерді төлеу туралы талап қоймайды.

128. Егер жеке тұлға Клиент жүргізген төлем сомасы банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткіліксіз болса, көрсетілген сома жеке тұлға Клиенттің банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерін төмендегі кезектілікпен өтейді:

1) негізгі борыш бойынша берешек;
2) сыйақы бойынша берешек;
3) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
4) ағымдағы төлем кезеңі үшін негізгі борыш сомасы;
5) ағымдағы төлем кезеңі үшін есептелген сыйақы;

6) қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер бойынша берешек;

7) кредитордың міндеттеменің орындалуын алуға байланысты шығындары.

129. Банк кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес жеке тұлға Клиенттің банктік қарызын мерзімінен бұрын өтегені үшін комиссияларды, тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін алмайды.

130. Банк заңды тұлға Клиенттің банктік қарызын мерзімінен бұрын өтегені үшін комиссияларды, тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін алмайды, бұған заңды тұлға Клиенттің негізгі борышты төмендегі жағдайларда мерзімінен бұрын ішінара немесе толық өтеуі кірмейді:

1) 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап 6 (алты) айға дейін;

2) 1 (бір) жылдан асатын мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жылға дейін.

131. Банк жеке тұлға Клиентпен жасалған банктік қарыз шартында тіркелген сыйақы мөлшерлемесін біржақты тәртіппен өзгертуге жол бермейді, бұған осы Қағидалардың 135–137-тармақтарында айқындалған тәртіппен оны төмендету немесе уақытша төмендету жағдайлары кірмейді.

Сыйақы мөлшерлемесін уақытша төмендету деп Банктің сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін белгілі бір мерзімге төмендетуі түсініледі, бұл мерзім өткеннен кейін сыйақы мөлшерлемесі уақытша өзгертілгенге дейін қолданылған сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерінен аспайтын мөлшерде белгіленеді.

Тараптардың келісімі бойынша жеке тұлға Клиентпен жасалған банктік қарыз шартының қолданылу мерзімі ішінде тіркелген сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы сыйақы мөлшерлемесіне өзгертілуі мүмкін.

Тараптардың келісімі бойынша тіркелген сыйақы мөлшерлемесі жеке тұлға Клиентпен жасалған банктік қарыз шартында айқындалған оның қолданылу мерзімі өткеннен кейін, бірақ аталған шарт жасалған күннен бастап 3 (үш) жылдан ерте емес мерзімде ұлғайтылуы мүмкін. Тіркелген сыйақы мөлшерлемесін әрбір келесі ұлғайту тараптардың келісімі бойынша тіркелген сыйақы мөлшерлемесінің қолданылу мерзімі өткеннен кейін, бірақ тіркелген сыйақы мөлшерлемесі алдыңғы рет өзгертілген күннен бастап 3 (үш) жылдан ерте емес мерзімде жүзеге асырылуы мүмкін.

Жеке тұлғамен жасалған банктік қарыз шарты және банктік салым шарты бойынша құбылмалы сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі мен оның қолданылу талаптары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

132. Банк заңды тұлға Клиентпен банктік қарыз шартын жасасу күніне белгіленген сыйақы мөлшерлемесін біржақты тәртіппен ұлғайтуға жол бермейді, бұған төмендегі жағдайлар кірмейді:

1) банктік қарыз шартында көзделген жағдайларда заңды тұлға Клиенттің қарыз алуға және оған қызмет көрсетуге байланысты анық ақпарат беру жөніндегі өз міндеттемелерін бұзуы;

2) ҚР Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ банктік қарыз шартында көзделген төмендегі жағдайларда Банктің банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығының туындауы:

– заңды тұлға Клиенттің капиталындағы дауыс беретін акциялардың (қатысу үлестерінің) жиынтығында он және одан көп пайызына иелік ететін заңды тұлға Клиент акционерлерінің (қатысушыларының) құрамының Банкті алдын ала жазбаша хабардар етпей өзгеруі;

– заңды тұлға Клиенттің және (немесе) кепіл берушінің кепіл ұстаушы болып табылатын Банктің кепілге салынған мүліктің болуын, мөлшерін, жай-күйін және (немесе) сақтау талаптарын құжаттар бойынша және іс жүзінде тексеру құқығын бұзуы;

– үшінші тұлғалардың заңды тұлға Клиенттің және (немесе) кепіл берушінің мүлкіне, оның ішінде Банктің пайдасына кепілге салынған мүлікке талаптар қоюы.

133. Жеке тұлға Клиентпен жасалған банктік қарыз шартының талаптары өзгертілген және (немесе) жеке тұлға Клиенттің қарызын өтеу мақсатында жаңа қарыз берілген кезде негізгі борыш сомасына капиталдандырылған (қосылған) мерзімі өткен сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға,

өсімпұлдарға), қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдерге сыйақы есептелмейді.

134. Банк біржақты тәртіппен төмендегілерге жол бермейді:

1) банктік қарыз шартын жасасу күніне белгіленген комиссиялардың және (немесе) өзге де төлемдердің мөлшерлерін, сондай-ақ оларды есептеу тәртібін ұлғайту жағына қарай өзгертуге;

2) жасалған банктік қарыз шарты шеңберінде комиссиялардың және (немесе) өзге де төлемдердің жаңа түрлерін енгізуге.

135. Банк банктік қарыз шартының талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге жол бермейді, бұған оларды Клиент үшін жақсарту жағдайлары немесе ҚР заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар кірмейді.

Осы тармақтың мақсаттары үшін банктік қарыз шартының талаптарын Клиент үшін жақсарту деп төмендегі өзгерістердің кез келгені түсініледі:

1) қарызға қызмет көрсетуге байланысты қызметтерді көрсеткені үшін комиссиялар мен өзге де төлемдерді азайту немесе толық алып тастау;

2) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайту немесе толық алып тастау;

3) қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету;

4) қарыз бойынша төлемдерді, оның ішінде мерзімді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейінгі күнтізбелік алпыс күнді қамтитын кезеңге кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеу мүмкіндігін беру;

5) шетел валютасында берілген ипотекалық қарыз бойынша ақшалай міндеттемені қарыздың шетел валютасын ҚР ұлттық валютасына ауыстыру кезінде азайту.

Банктік қарыз шартында Клиент үшін талаптарды жақсартудың қосымша тізбесі көзделуі мүмкін.

136. Банк жақсартатын талаптарды қолданған жағдайда, Клиент банктік қарыз шартында айқындалған тәртіппен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы банктік қарыз шарты талаптарының өзгергені туралы хабардар етіледі. Банк осы Қағидалардың 135-тармағының 5) тармақшасында көзделген жақсартатын талапты ҚР ҰБ бекіткен Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасын[1] іске асыру шеңберінде қолданған жағдайда, осындай жақсартатын талаптың қолданылуы туралы хабарландыру ҚР бүкіл аумағында таратылатын екі мерзімді баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады. Аталған хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Клиенттің және (немесе) кепіл берушінің жазбаша қарсылығының болмауы Клиенттің және (немесе) кепіл берушінің аталған жақсартатын талапты қолдануға келісімі ретінде қарастырылады.

137. Клиент Банктен тиісті хабарламаны алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Банк ұсынған жақсартатын талаптардан бас тартуға және өзінің шешімі туралы Банкке банктік қарыз шартында айқындалған тәртіппен және (немесе) ақпараттандыру объектілері арқылы хабарлауға құқылы.

Банктің банктік қарыз шарты бойынша төлемдерді кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеу мүмкіндігін беруі Клиенттің келісімі болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Жеке тұлға Клиенттің берешегін қайта құрылымдау шеңберінде банктік қарыз шартының талаптарын өзгерту осы Қағидалардың 6.4-параграфына «Төлемге қабілетсіз қарыз алушымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі» сәйкес жүзеге асырылады.

138. Банк жеке тұлға Клиенттің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес және тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу мақсатында жасалған банктік қарыз шартынан бас тарту құқығын іске асыруын шектемейді. Шарттан бас тартқан жағдайда, жеке тұлға қарыз алушы қарыз сомасын қайтарады және қарыз берілген күннен бастап оны қайтарған күнге дейінгі кезең үшін есептелген сыйақыны төлейді.

6.3-параграф. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсіліне қойылатын талаптар

139. Кредиттік тәуекелді барынша азайту мақсатында қарыз Банктің ІНҚ-ға сәйкес негізгі борыш пен сыйақыны өтеу үшін жеткілікті кепілмен қамтамасыз ету түріндегі кредитті өтеудің қайталама көздері болған жағдайда беріледі.

140. Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелердің орындалуы Банк үшін қолайлы кез келген мүліктің (ақшаны, бағалы қағаздарды және өзге де қаржы құралдарын, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті, мүліктік және өзге де құқықтарды қоса алғанда) кепілімен, үшінші тұлғалардың кепілдіктерімен және кепілгерліктерімен, тұрақсыздық айыбымен және ҚР заңнамасында немесе шартта көзделген, Банк үшін қолайлы қарыздардың (кредиттердің) қайтарымдылығын қамтамасыз етудің басқа да тәсілдерімен қамтамасыз етілуі мүмкін.
141. Клиенттің Банк алдындағы міндеттемелерін орындау үшін ортақ жауапты тұлға ретінде Қосалқы қарыз алушы (жеке немесе заңды тұлға) әрекет ете алады.
142. Егер кредиттің қайтарымдылығын қамтамасыз ету үшін бірнеше кепіл нысанасы ұсынылса, Клиент банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда және Клиент (Кепіл беруші) кепілмен қамтамасыз етуді азайту туралы талаппен жүгінген сәтте бағалаушы айқындаған кепіл нысаналарының нарықтық құны Банктің кепіл саясатының талаптарын ескере отырып, Клиент міндеттемелерінің орындалмаған бөлігінің сомасынан асқан жағдайда, Банк Клиент (Кепіл беруші) жүгінген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Клиент міндеттемесінің мөлшерінен асатын бөлігінде бір немесе бірнеше кепіл нысанасы бойынша кепіл шартын (шарттарын) бұзу (өзгерту) жөнінде шаралар қабылдауға міндетті. Кепіл нысанасын кепілден босату кредиттік тәуекелдерді, төмендету коэффициенттерін қолдана отырып айқындалған қамтамасыз етудің кепіл құнын ескере отырып, Банктің шешімі бойынша жүзеге асырылады.
143. Егер орындалмаған міндеттемелер сомасы кепілмен қамтамасыз ету құнының 10 (он) пайызынан аз болса, Банк Клиент (Кепіл беруші) жүгінген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Банктің кепіл саясатының талаптарын ескере отырып, кепіл нысанасын жүгінген сәтте бағалаушы айқындаған нарықтық құны аталған банктік қарыз шарты бойынша орындалмаған міндеттеме сомасын жабатын өзге мүлікке ауыстыру мәселесін қарауға міндетті[1].
144. Осы Қағидалардың 140–143-тармақтарында белгіленген талаптар Банктің банктік кепілдіктер мен банктік кепілгерліктер беру жөніндегі операцияларын қамтамасыз етуге қолданылады.
145. Банк жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорының кепілдігін Клиенттің банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде қабылдаған кезде, провизияларды (резервтерді) есептеу үшін мұндай кепілдіктің құнын Банк кепілдікпен қамтамасыз етілген кредит сомасына тең мөлшерде айқындайды.

6.4-параграф. Төлем қабілеті жоқ Қарыз алушымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі

146. Қаржылық қиындықтар туындаған кезде қарыз алушы Банкке жазбаша және (немесе) ақпараттандыру объектілері арқылы және (немесе) банктік қарыз шартында көзделген өзге де тәсілмен қаржыландыру шартының талаптарын өзгерту (берешекті қайта құрылымдау) туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.
147. ЖТ болып табылатын қарыз алушы Банк банктік қарыз шарты бойынша ақшалай міндеттемелерді орындау мерзімінің өтіп кеткені туралы хабарламаны жіберген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Банкке мынадай мәселелерге қатысты кез келген ұсыныспен жүгінуге құқылы:

1) банктік қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына қарай өзгерту;

2) банктік қарыз шарты бойынша ай сайынғы төлемді банктік қарыз шартында белгіленген мөлшерден кемінде елу пайызға азайту;

3) шетел валютасында берілген қарыз бойынша негізгі борыш қалдығы сомасының валютасын ҚР ұлттық валютасына өзгерту;

4) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемдерді кейінге қалдыру;

5) берешекті өтеу әдісін және (немесе) берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтеуді көздей отырып өзгерту;

6) қарыз мерзімін өзгерту;

7) мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), комиссияларды және банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдерді алып тастау;

8) ҚР «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Заңының 20-1-бабында белгіленген тәртіппен кепіл берушінің ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өз бетінше сатуы;

9) кепіл мүлкін және (немесе) өзге де мүлікті банкке беру арқылы банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындаудың орнына бас тарту төлемін ұсыну;

10) банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені сатып алушыға бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті сату.

Жеке тұлға болып табылатын қарыз алушының аталған өтінішінде банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің өтіп кету себептері, қарыз алушының ағымдағы кірістері туралы мәліметтер және қарыз алушының банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен жүгінуіне негіз болатын (оны негіздейтін) басқа да мән-жайлар қамтылуға тиіс.

Жеке тұлға болып табылатын қарыз алушының өтінішін қарау және шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің өтіп кетуіне әкеп соққан мән-жайларды растау мақсатында өтінішке растайтын құжаттар қоса беріледі. Қарызды қайта құрылымдау туралы өтінішті қарау үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы анықтама және (немесе) қарыз алушының жұмыс орнынан соңғы алты айдағы кірістері туралы анықтама немесе қарыз алушының банктік шоты бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді көшірме;

2) еңбек шартын тоқтату, жалақы сақталмайтын демалыс беру туралы жұмыс берушінің актісі немесе қарыз алушының еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы анықтама (парақ);

3) жалақы мөлшері көрсетілген жұмыс орнынан анықтама және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер;

4) қарыз алушының жүктілікке және баланың (балалардың) тууына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыста, сондай-ақ бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыста болуын растайтын құжат;

5) отбасы құрамын және асырауындағы адамдардың болуын растайтын құжат;

6) қарыз алушының және (немесе) оның жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) ауруын растайтын еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама және (немесе) еңбекке уақытша жарамсыздық парағы, сондай-ақ қарыз алушының жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) қайтыс болғаны туралы куәлік (анықтама);

7) жалдау ақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері көрсетілген нотариат куәландырған жалдау шарты;

8) жазатайым оқиға, үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері (айналымдағы тауарлардың немесе қарыз алушы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланған өзге де мүліктің ұрлануы) салдарынан қарыз алушыға материалдық залал келтірілгенін растайтын құжаттар;

9) еңсерілмейтін күш жағдайларын растайтын ресми құжаттар;

10) мүгедектік туралы анықтама;

11) амбулаториялық (стационарлық) науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме;

12) атқарушылық іс жүргізудің, шоттарға тыйым салудың немесе өзге де шектеулердің болуын растайтын құжаттар (қарыз алушының банктік шотына тыйым салу туралы шешім);

13) инкассолық өкім;

14) сот актілері;

15) қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлау фактісін растайтын өзге де құжаттар.

148. Банк қарыз алушының өтінішін алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде ЖТ қарыз алушы ұсынған банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарайды және қарыз алушыға банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы Банктің мынадай шешімдерінің бірі туралы жазбаша хабарлайды:

1) қарыз алушы ұсынған өзгерістерді банктік қарыз шартының талаптарына енгізуге келісу;

2) Банктің қарыз алушыға банктік қарыз шартына өзгерістер енгізу туралы қарсы ұсыныс жасауы;

3) қарыз алушы ұсынған өзгерістерді банктік қарыз шартының талаптарына енгізуден бас тарту, мұндай бас тартудың себептерін уәжді түрде негіздеу.

149. Осы Ереженің 147-тармағында көзделген ЖТ қарыз алушының өтініші бойынша шешімді Банк осы тармақта белгіленген талаптарды ескере отырып, ЖТ қарыздарын қайта құрылымдау жөніндегі кредиттік шешімдерді қабылдаудың Банктің ішкі тәртібіне сәйкес қабылдайды.

ЖТ қарыз алушылардың банктік қарыз шартының талаптарын өзгерту туралы өтініштерін қарау кезінде Банк ҚР заңнамасында көзделген қолдау шараларын қолданады.

Егер қарыз алушының орташа айлық кірісі 30%-дан астам төмендесе не қарыз алушы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын болса, Банк халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын немесе төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар салдарынан зардап шеккен қарыз алушының өтініші бойынша банктік қарыз шартының талаптарын кемінде 3 (үш) ай мерзімге өзгертуге міндетті. Мұндай өзгерістер енгізілген кезде қарыз алушыдан комиссиялар мен өзге де төлемдер алынбайды.

150. ЖТ қарыз алушы осы Ереженің 46-тармағында көзделген тәртіппен, мерзімдерде және талаптарда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес қарыз бойынша берешекті сотқа дейін реттеу үшін банк омбудсманына жүгінуге құқылы.

151. Банк қарыз алушыға банктік қарыз шарты бойынша ақшалай міндеттемелерді орындау мерзімінің өтіп кеткені туралы мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы хабарлайды. Мерзімі өткен берешектің болуы туралы хабарламада мыналар қамтылады:

– хабарламада көрсетілген күнгі банктік қарыз шарты бойынша мерзімі өткен төлемдердің мөлшері;

– банктік қарыз шарты бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу туралы талап;

– қарыз алушының банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындамауының салдарын түсіндіру;

– қарыз алушының банктік қарыз шартына өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен Банкке жүгіну құқығын көрсету (ЖТ қарыз алушыларға жіберілетін хабарламалар үшін міндетті талап);

– Банктің қалауы бойынша өзге де мәліметтер.

Банк аталған хабарламаны қарыз алушыға жіберу үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

Қарыз алушы хабарламада көрсетілген Банктің банктік қарыз шарты бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу туралы талабын қанағаттандырмаған жағдайда, Банк қарыз алушының банктік шоттарындағы ақшаға, оның ішінде төлем талабын ұсыну арқылы (банктік қарыз шартында қамтылған қарыз алушының банктік шотынан ақшаны алуға келісімі болған кезде) даусыз тәртіппен өндіріп алуды қолдануға құқылы, бұған мыналар кірмейді:

– кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуден өткізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелерді орындамау туралы істер бойынша сот шешімдерінің негізінде өндіріп алу жағдайларын қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған жинақ түрінде банктік шоттарда тұрған ақша;

– мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы ҚР заңнамасына сәйкес инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақша;

– нотариус депозитінің талаптарымен енгізілген ақша;

– инвестициялық портфельді басқарушының орындалмаған міндеттемелері бойынша осы инвестициялық портфельді басқарушы клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы ақша;

– номиналды ұстаушының функцияларын жүзеге асыратын тұлғаның орындалмаған міндеттемелері бойынша осы тұлғаның клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы ақша;

– қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыруға арналған банктік шоттардағы ақша;

– өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған жеке сот орындаушыларының ағымдағы шоттарындағы ақша;

– ҚР аумағында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған банкаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз етуге арналған орталық депозитарийдегі және (немесе) клирингтік ұйымдағы банктердің ақшасы және (немесе) бағалы қағаздары.

Басқа банк берген банктік қарыз бойынша кепіл нысанасы болып табылатын жинақ банктік шоттарындағы ақша есебінен басқа банк берген банктік қарыз бойынша өтелмеген негізгі борыш сомасының мөлшерінде төлем талабы арқылы банктік қарыз шарты бойынша берешекті өндіріп алуға жол берілмейді.

Сондай-ақ Банк:

1) қарыз алушыға қатысты банктің проблемалық активтерді басқару жөніндегі саясатына сәйкес шараларды қолдануға;

2) қарыз алушының берешегін құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты бойынша сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына беруге;

3) қарыз алушының берешегін сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге құқылы.

Банктік қарыз шартында қарыз алушы банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда банктің коллекторлық агенттікті тарту құқығы көзделген болса, берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге жол беріледі.

Банк берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін берген күні қарыз алушыға бұл туралы банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы коллекторлық агенттіктің атауын, орналасқан жерін, борышкерлермен байланысуға арналған коллекторлық агенттіктің телефон нөмірлерін көрсете отырып хабарлайды.

4) қарыз алушының ақшалай міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған берешегі болған кезде банктер туралы ҚР Заңының 63-бабында белгіленген талаптарды сақтай отырып, банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беруге:

– ЖТ-мен жасалған ипотекалық қарыз шарты бойынша – күнтізбелік бір жүз сексен күннен астам қатарынан;

– ЖТ-мен жасалған өзге де банктік қарыз шарттары бойынша – күнтізбелік тоқсан күннен астам қатарынан.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес ЖТ-мен жасалған банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) коллекторлық агенттікке басқаға беруге мерзімі өткен берешек туындаған күннен бастап жиырма төрт ай өткеннен кейін, банктер туралы ҚР Заңының 61-бабының 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-тармақтарында көзделген және қарыз алушының қарыз бойынша берешекті өтеуге қабілетті болуын қамтамасыз ететін, тараптар үшін өзара қолайлы талаптарға қол жеткізуге бағытталған берешекті реттеу рәсімдері жүргізілгеннен кейін жол беріледі. Аталған жағдайда есептелген және төленбеген тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлдарды), комиссияларды және банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдерді толық алып тастау міндетті болып табылады[1].

Осы тармақшаның қағидалары қарыз алушы – ҚР азаматына қатысты ҚР «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңында көзделген тәртіппен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жағдайларына қолданылмайды;

5) ҚР заңнамасында және (немесе) банктік қарыз шартында көзделген өзге де шараларды қолдануға, оның ішінде банктік қарыз шарты бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап қоюмен жүгінуге, сондай-ақ ҚР «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, кепілге салынған мүлікке соттан тыс тәртіппен не сот тәртібімен өндіріп алуды қолдануға;

6) ҚР заңнамасына сәйкес қарыз алушы – дара кәсіпкерді банкрот деп тану туралы сотқа талап қоюмен жүгінуге құқылы.

152. Банктің мерзімі өткен берешегі бар қарыз алушымен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) шарт шеңберінде Банкпен міндеттемелер арқылы байланысты үшінші тұлғамен өзара іс-қимылы мынадай талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады:

1) жеке өзара іс-қимыл жұмыс күндері сағат 8.00-ден 21.00-ге дейінгі кезеңде қарыз алушының тұрғылықты жері, орналасқан жері немесе тіркелген жері бойынша не Банктің жайында – аптасына 3 (үш) реттен және жұмыс күні ішінде 1 (бір) реттен аспайтын жиілікпен жүзеге асырылады, егер қызметтерді тұтынушымен (қарыз алушымен) өзге уақыт, жиілік немесе күн (демалыс және (немесе) мереке күні) келісілмесе;

2) Банктің бастамасы бойынша телефон арқылы келіссөздер жұмыс күндері сағат 8.00-ден 21.00-ге дейінгі кезеңде үш реттен аспайтын, ал демалыс және мереке күндері сағат 9.00-ден 19.00-ге дейінгі кезеңде екі реттен аспайтын жиілікпен жүзеге асырылады;

3) әрбір өзара іс-қимыл кезінде Банк жұмыскері мыналарды хабарлайды:

– Банктің атауын және оның орналасқан жерін;

– өзінің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) және лауазымын;

– шартта көзделген берешектің құрылымын (негізгі борыш, сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл));

– шартта, банктер туралы ҚР Заңында көзделген қарыз алушының жауапкершілігі мен өзге де міндеттемелері, сондай-ақ шартта көзделген міндеттемелерді орындамаудың немесе тиісінше орындамаудың салдары туралы.

153. ЖТ қарыз алушы банк омбудсманы қызметінің жанында жұмыс істейтін ұжымдық реттеу платформасы арқылы электронды нысанда берешекті ұжымдық реттеу үшін жүгінуге құқылы. Берешек мынадай өлшемшарттар бір мезгілде сақталған кезде ұжымдық реттеуге жатады:

1) мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша екі және одан да көп кредитор (ломбардтарды қоспағанда) алдындағы мерзімі өткен берешек күнтізбелік қатарынан 90 (тоқсан) күннен асса;

2) қарыз алушының берешегі берешекті ұжымдық реттеу туралы өтініш берілгенге дейінгі 12 (он екі) ай ішінде ұжымдық реттеу рәсімінің нысанасы болмаса;

3) қарыз алушыға қатысты ҚР «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңында көзделген тәртіппен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы қозғалған істің болмауы.

Берешекті ұжымдық реттеу рәсімін, оның ішінде шарттардың талаптарына енгізілетін өзгерістерді келісуді және өтеу кестесін қалыптастыруды банк омбудсманы қарыз алушының кредиторларының қатысуымен жүзеге асырады.

154. Банк кепілге салынған мүлікті соттан тыс тәртіппен сату кезінде сенім білдірілген тұлғаның тағайындалғаны туралы қарыз алушы мен кепіл берушіге банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен хабарлайды. Хабарламада Банк жұмыскерлерінің бірін сенім білдірілген тұлға ретінде тағайындау туралы ұсыныс және кепіл берушінің хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде сенім білдірілген тұлғаның кандидатурасы туралы жазбаша ұсыныспен Банкке жүгіну құқығы қамтылады.

155. Кепілге салынған мүлікті соттан тыс тәртіппен сату кезінде сенім білдірілген тұлғаны тағайындау туралы хабарлама жіберілген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткеннен кейін Банк қарыз алушы мен кепіл берушіге кепілге салынған мүлікті соттан тыс тәртіппен сатудың басталғаны туралы хабарлайды. Хабарламада хабарламаны алған сәттен бастап отыз күн ішінде барлық берешекті толық өтеу туралы ұсыныс және кепілге салынған мүлік бойынша сауда-саттық өткізілуі мүмкін екендігі туралы ескерту қамтылады.

156. Жеке тұлға болып табылатын кепіл беруші хабарлама табыс етілген немесе тапсырысты хатпен алынған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде кәсіпкерлік қызметті жүзеге

асыруға байланысты емес жеке тұлғаның ипотекалық қарызы бойынша ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өз бетінше сату туралы Банкке өтінім беруге құқылы.

157. Кепіл беруші ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өз бетінше сату құқығын іске асырмаған немесе кепіл беруші ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті ҚР «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Заңында белгіленген мерзімде не ипотека шарты тараптарының келісімі бойынша белгіленген мерзімде сатпаған жағдайларда, бірақ қарыз алушы мен кепіл берушіге кепілге салынған мүлікті соттан тыс тәртіппен сатудың басталғаны туралы хабарлама табыс етілген немесе жіберілген сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес мерзімде Банк қарыз алушы мен кепіл берушіге сауда-саттықтың өткізілетін уақыты мен орнын көрсете отырып, соттан тыс сауда-саттықтың өткізілетіні туралы хабарлайды.

158. Сауда-саттыққа екіден аз сатып алушының қатысуына байланысты сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланған жағдайда, Банк кепілге салынған мүлікті бағалаушы жасаған бағалау туралы есеп негізінде сот шешімімен немесе сенім білдірілген тұлға белгілеген ағымдағы бағалау құны бойынша өз меншігіне алуға не жаңа сауда-саттық тағайындауды талап етуге құқылы.

159. Кепіл мүлкін соттан тыс тәртіппен сату мүмкін болмаған және қарыз алушының банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындауға мүмкіндігі/ниеті болмаған жағдайда, Банк берешекті сот тәртібімен өндіріп алады.

7-бөлім. Банкаралық операциялар

160. Есеп айырысу-төлем операциялары (БААЖ арқылы банкаралық ақша аударымдары, операторы Ұлттық төлем корпорациясы (ҰТК); банкаралық клиринг (төлемдерді өзара есепке жатқызу, қатысушылардың таза позицияларын айқындау); ҰЦҚИ компоненттері арқылы банкаралық мобильді төлемдер мен аударымдар; банкаралық төлем карточкалары жүйесін пайдалана отырып жүргізілетін операциялар).

161. Бағалы қағаздармен және РЕПО операциялары:

– Банк контрагент банктермен (ҚР резиденттерімен және бейрезиденттерімен) және ҚР Ұлттық Банкімен кері сатып алу міндеттемесімен бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша банкаралық операцияларды (тікелей РЕПО және кері РЕПО) жүзеге асырады. Тікелей РЕПО операциялары ақшаны жедел тарту және Банктің қысқа мерзімді өтімділігін реттеу мақсатында жүргізіледі. Кері РЕПО операциялары Банктің уақытша бос ақшасын өтімділігі жоғары және өзге де бағалы қағаздармен қамтамасыз ету арқылы орналастыру мақсатында жүргізіледі;

– РЕПО және кері РЕПО мәмілелері ұйымдастырылған нарықта («Қазақстан қор биржасы» АҚ – KASE), сондай-ақ ұйымдастырылмаған (биржадан тыс) нарықта жасалады. Биржадан тыс банкаралық РЕПО операциялары Банк пен контрагент банктер арасында жасалған бас қаржылық келісімдер (оның ішінде GMRA / CBA халықаралық стандарттарына сәйкес келетін келісімдер) негізінде жүзеге асырылады. Биржадан тыс РЕПО мәмілелері бойынша мөлшерлемелер, дисконттар және ілеспе шығыстар нақты мәмілелерге берілетін растауларда тіркеледі; Банк биржадан тыс РЕПО мәмілелерін жүргізгені үшін қосымша комиссиялар алмайды;

– Қамтамасыз ету ретінде қабылданатын бағалы қағаздардың тізбесін, кепіл портфелінің құрылымын, сондай-ақ дисконт мөлшерін ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Банктің Басқармасы мен Директорлар кеңесі айқындаған саясаттар шеңберінде Банктің УАО белгілейді;

– Банк контрагент банктермен екіжақты банкаралық айырбастау операцияларын (шетел валюталарын сатып алу, сату, айырбастау, валюталық СВОП мәмілелері) жүргізеді. Операциялар мәміле жасалған сәтте қалыптасатын нарықтық бағамдар бойынша авторланған халықаралық жүйелер (SWIFT, Reuters Dealing) арқылы жүзеге асырылады. Банк банкаралық айырбастау мәмілелерін жүргізгені үшін қосымша комиссиялар алмайды.

162. Банк жасалған көпжақты (синдикатталған) кредиттік шарттар негізінде кредитор банктер пулынан (ҚР резиденттері мен бейрезиденттерінен) синдикатталған қарыздарды тарту бойынша операцияларды жүзеге асырады. Борышқа қызмет көрсету тәртібі синдикаттың уәкілетті агент банкі (кредиттік агент және/немесе кепіл агенті) арқылы жүзеге асырылады. Тартылатын синдикатталған қарыздар бойынша мерзімдер, көлемдер және сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары Банктің

УАО бекіткен талаптар дәлізіне сәйкес реттеледі. Синдикатты ұйымдастыру/әкімгерлік ету үшін комиссиялар шарттық негізде белгіленеді.

163. Банк тиісті қарыз шарттары негізінде контрагент банктерден (ҚР резиденттері мен бейрезиденттерінен) екіжақты банкаралық қарыздарды тарту бойынша операцияларды жүзеге асырады. Тарту мерзімдерін, қарыз алудың шекті көлемдерін және пайыздық мөлшерлемелер дәлізін (оның ішінде €STR, SOFR және басқа да нарықтық индикаторларға байланысты құбылмалы мөлшерлемелерді) Банктің ІНҚ шеңберінде Банктің УАО белгілейді.

164. Банк контрагент банктерге (ҚР резиденттері мен бейрезиденттеріне) екіжақты банкаралық қарыздар беру, сондай-ақ синдикатталған қаржыландыруға қатысу арқылы уақытша бос қаражатты орналастыру бойынша операцияларды жүзеге асырады. Пайыздық мөлшерлемелер, комиссиялар және өзге де төлемдер тиісті қарыз шарттарында (бас қаржылық келісімдерде) шарттық негізде белгіленеді.

165. Екіжақты банкаралық қарыздарды беруге комплаенс-бақылау (KYC/AML) рәсімінен және қаржылық тұрақтылықты бағалаудан өткен, сондай-ақ контрагент банкке жеке кредиттік лимит белгіленген контрагент банктерге қатысты ғана жол беріледі.

166. Екіжақты банкаралық қарыздар бойынша бір қарыз алушы банкке арналған шекті көлемдерді (лимиттерді), сондай-ақ әрбір синдикатталған қарыздағы Банктің қатысу үлесін Банктің УАО бекітеді. Мерзімдер мен пайыздық мөлшерлемелер дәлізін Банктің УАО ақша нарығының конъюнктурасына қарай айқындайды.

167. Банк уақытша бос қаражатты контрагент банктердегі банкаралық депозиттерге орналастыру бойынша, сондай-ақ контрагент банктерден (ҚР резиденттері мен бейрезиденттерінен) банкаралық депозиттерді тарту бойынша операцияларды жүзеге асырады. Банкаралық нарықта ақшалай қаражатты тарту және орналастыру операциялары Уәкілетті комитет белгілеген және бекіткен контрагент банктерге арналған лимиттер шегінде жүзеге асырылады.

168. Ақшаны орналастыру/тарту үшін банкаралық депозиттік мәмілелерді, оның ішінде қысқа мерзімді операцияларды (овернайт) жасасу Банк пен контрагент банктер арасында жасалған бас қаржылық келісімдер негізінде жүзеге асырылады.

169. Банкаралық депозиттерді тарту/орналастыру параметрлерін (сомаларды, мерзімдерді, пайыздық мөлшерлемелерді) Банктің өтімділік коэффициенттерін, контрагенттің лимит мөлшері мен рейтингін талдау негізінде Банктің ағымдағы өтімділігін басқаруға жауапты бөлімше белгілейді және олар тұрақты негізде қайта қаралады.

170. Банк өтініш беруші банктердің тапсырмасы бойынша, олардың мүдделері үшін және қаражаты есебінен үшінші тұлғалардың пайдасына банкаралық кепілдіктерді, банкаралық кепілгерліктерді шығару (беру) операцияларын жүзеге асырады. Шығару ҚР заңнамасына және Банктің ІНҚ сәйкес жүзеге асырылады. Аталған операцияларды жүзеге асыру талаптарын Банк әрбір нақты жағдайда Банктің УАО шешімі негізінде айқындайды және олар тиісті шарттармен ресімделеді.

171. Банк басқа банктер (ҚР резиденттері мен бейрезиденттері) шығарған банкаралық кепілдіктер мен кепілгерліктерді осы банктердің Банк алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ету ретінде қабылдайды.

172. Банк ҚР Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен Ұлттық Банктің платформасы арқылы цифрлық теңгемен операцияларға қатысады. Банк банкаралық мобильді төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру кезінде ҰЦҚИ компоненттерін пайдалануға міндетті.

173. Банкаралық операцияларды жүргізгені үшін Банк осы Ереженің № 3 қосымшасында белгіленген мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары (төменгі және жоғарғы шектері) шеңберінде ҚР заңнамасының талаптарын ескере отырып, Банк дербес белгілейтін мөлшерлемелер мен тарифтерге сәйкес комиссия мен сыйақы алады.

174. Банкаралық операциялар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің, комиссиялық алымдар мен тарифтердің шамаларын Банктің Директорлар кеңесі бекіткен шекті шамалар шеңберінде Банктің УАО белгілейді не олар шарттық негізде айқындалады және контрагент банктермен жасалатын шарттарда және/немесе жасалған мәмілелерге берілетін растауларда тікелей көрсетіледі.

175. Банк сауданы қаржыландыру өнімдері (аккредитивтер, кепілдіктер (қарсы кепілдіктер), халықаралық құжаттамалық инкассо, банкаралық қарыздар) бойынша операцияларды жүргізеді. Аталған операциялар ҚР заңнамасына, халықаралық ережелерге және Банктің ІНҚ сәйкес жүзеге асырылады. Аталған операцияларды жүзеге асыру талаптарын Банк айқындайды және олар тиісті шарттармен ресімделеді.

8-бөлім. Банк қабылдайтын қамсыздандыруға қойылатын талаптар

176. Клиенттің қарыздар бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамсыздандыру ретінде Банк кепілге өтімді, азаматтық айналымнан алынбаған, Банктің ІНҚ талаптарына жауап беретін, кепілдік қамсыздандыруды басқаруды/жұмыс жүргізуді регламенттейтін, кепілге қабылдануы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін мүлікті (оның ішінде мүліктік құқықтарды) кепілге қабылдауды, сондай-ақ ҚР заңнамасына және Банктің ІНҚ сәйкес жеке және заңды тұлғалардың кепілдіктерін/кепілгерліктерін қабылдайды.
177. Қарыздар бойынша кепілдікті қамсыздандырудың жалпы құрылымындағы кепілдікті қамсыздандырудың жекелеген түрлерінің арақатынасы тиісті банк өнімі, сондай-ақ Банктің ІНҚ арқылы реттеледі.
178. Мүлікті кепілдік қамсыздандыру ретінде қабылдау туралы түпкілікті шешімді Банктің тиісті уәкілетті органы және/немесе Банктің ІНҚ-на сәйкес Банктің шешімдер қабылдаудың автоматтандырылған жүйесі қабылдайды.
179. Жылжымайтын мүлікті кепілдік қамсыздандыру ретінде қабылдаған кезде Банктің ІНҚ талаптарына сәйкес Қарыз/Кепіл көрсеткіштерінің арақатынасын сақтау (қарыз сомасының жылжымайтын кепілдік қамсыздандырудың кепілдік құнына қатынасы) міндетті шарт болып табылады.
180. Кепіл затына қойылатын негізгі талаптар:

1) мүліктің жеткілікті баға тұрақтылығымен және осындай мүлікке қалыптасқан нарық конъюнктурасымен қамтамасыз етілетін өтімділігі болуы тиіс;

2) Банктің уәкілетті органы мүлікті қайта кепілге қабылдау туралы шешім қабылдаған жағдайларды қоспағанда, мүлік үшінші тұлғалардың құқықтары мен талаптарына ауыртпалық салудан еркін болуы тиіс;

3) кредит беруге, кепілдіктер мен аккредитивтер шығаруға, кепіл құнын айқындауға және мүлікке кепіл құқығын тіркеуге арналған өтінімдерді қарау үшін және Банкке қажетті өзге де мақсаттар үшін қажетті құжаттардың болуы міндетті.

Кепілге ұсынылатын мүліктің түріне, оны меншікке сатып алу негіздері мен тәртібіне қарай мүліктің кепіл берушіге нақты тиесілі екенін анықтау және ұсынылған мүлікті кепілге қабылдау туралы мәселені түпкілікті шешу үшін қажетті өзге де құжаттар талап етілуі мүмкін.

Өшірілген не қосып жазылған, сызылған сөздер мен өзге де ескертілмеген түзетулері бар не олардың түпнұсқалығына күмән туғызатын құжаттар қабылданбайды. Құжаттарды түпнұсқада немесе нотариатты куәландырылған көшірмелерде не электронды түрде, жеткізгіштерде және Шартта белгіленген байланыс арналары бойынша ұсыну қажет.

4) Банктің ІНҚ-да айқындалған жағдайларды қоспағанда, Кепіл берушіде салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің, сондай-ақ коммуналдық қызметтерді төлеу бойынша берешектің, жалдау ақысының және кепіл нысанына қатысты басқа да төлемдердің болмауы;

5) кепіл мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуді Кепіл беруші жүзеге асырады. Банк (Филиал) қажет болған жағдайда ҚР заңнамасының талаптарына және кепіл шартына сәйкес кепіл мүлкін қорғауды жүзеге асырады.

181. Кепіл заты болып табылатын мүлікті сақтандыруды Кепіл беруші (Клиент) ҚР заңнамасына сәйкес, қажет болған жағдайларда - Банктің талап етуі бойынша оның ІНҚ сәйкес жүргізеді.
182. Бөлшекті (ипотекалық) кредиттеу бағдарламалары, шағын және орта бизнесті кредиттеу бағдарламалары аясында кепілдік қамсыздандыруды басқаруды/жұмыс істеуді регламенттейтін

және бөлшекті (ипотекалық) кредиттеуді, шағын және орта бизнесті кредиттеуді реттейтін Банктің ІНҚ айқындаған мүлік түрлері кепілге қабылдануы мүмкін.

183. Кредиттер (кепілдіктер, аккредитивтер) беру туралы мәселелерді қараған кезде кепілдік қамсыздандыруды басқаруды/жұмыс істеуді регламенттейтін Банктің ІНҚ белгілеген кепілдік қамсыздандыруды таңдау кезіндегі басымдықтар ескеріледі.

184. Кепіл мүлкін ауыстыру, мониторинг жүргізу және өзге де талаптар жасалған кепіл шарттары және Банктің ІНҚ арқылы белгіленеді.

185. Мүлікті бағалау және мүлік кепілі шартына қосымша келісімді/кепіл шартын мүлікке құқықтарды және онымен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті органда/тұлғада тіркеуді жүргізгені үшін алымды төлеу туралы есепті дайындауға байланысты барлық шығыстар, сондай-ақ кепілдік қамсыздандыруды қайта бағалауға байланысты шығыстар, егер шарттық қатынастарда және/немесе ІНҚ-да өзге талап айқындалмаса, қарыз алушыға (кепіл берушіге) жүктеледі.

9-бөлім. Банктік қызметтерді көрсету процесінде туындайтын Клиенттердің өтініштерін қарау тәртібі

186. Клиенттер банктік қызметтерді көрсету процесінде туындаған мәселелер және Банк қызметіне байланысты өзге де мәселелер бойынша Банктің Call Center орталығына қоңырау шалу не Банктің ресми электронды мекенжайына электронды пошта арқылы, Банктің bcc.kz мобильді қосымшасы, Банк бөлімшесі арқылы өтініш қалдыру, қағаз жеткізгіштегі жазбаша өтініштерді қолма-қол немесе курьерлік жеткізу арқылы беру не жеке қабылдауға келу арқылы Банкке шағымдармен және ұсыныстармен жүгінуге құқылы.

187. Банктің Клиенттердің өтініштерін қарауы ҚР заңнамасында, Банктің Ережелерінде және өзге де ІНҚ белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Банк Клиенттердің мынадай өтініштерімен жұмыс жүргізеді:

1) қолма-қол, пошта байланысы арқылы, Банктің электронды поштасына және интернет-ресурсына келіп түскен жазбаша өтініштермен. Жазбаша өтініш қолма-қол берілген кезде Банк өтініштің көшірмесіне оның қабылданғанын растайтын белгі қояды;

2) телефон арқылы және Клиент Банкке тікелей келген кезде келіп түскен ауызша өтініштермен. Банкке ауызша нысанда келіп түскен өтініштер дереу қаралады және мұндай мүмкіндік болған жағдайда Клиенттің ауызша өтінішіне жауап бірден беріледі. Егер ауызша өтінішті дереу шешу мүмкін болмаса, Клиент оны жазбаша нысанда баяндайды және онымен жазбаша өтініш ретінде жұмыс жүргізіледі. Клиентке жауап алу үшін қажетті рәсімдер мен мұндай өтініштерді қарау мерзімдері туралы ақпарат беріледі.

Клиенттердің телефон арқылы келіп түскен өтініштері тіркеледі. Клиентпен телефон арқылы сөйлесулерді жазу бұл туралы сөйлесудің басында хабарлай отырып, оның келісімімен жүзеге асырылады.

Өтініштерді қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді, бұл ретте өтініш мынадай жағдайларда қараусыз қалдырылуы мүмкін:

1) Банктің ішкі нормативтік құжаттарының, Банк жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарының ықтимал бұзылуы, Банк жұмыскерлерінің құқыққа қайшы әрекеттері, сондай-ақ Банкке материалдық, қаржылық, операциялық, құқықтық немесе беделіне нұқсан келтіруге әкеп соққан не әкеп соғуы мүмкін Банк процестеріндегі бұзушылықтар немесе кемшіліктер туралы мәліметтерді қамтитын өтініштерді қоспағанда, өтініш анонимді болса;

2) өтініште Өтініш берушіні сәйкестендіруге мүмкіндік беретін мәліметтер, оның ішінде жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және жеке сәйкестендіру нөмірі не заңды тұлғаның толық атауы және оның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаса;

3) өтініште әдепсіз немесе қорлайтын сөздер, Банктің мүлкіне, Банк жұмыскерінің және (немесе) оның отбасы мүшелерінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне төнетін қатерлер қамтылса;

4) өтініштің мәтінін оқу мүмкін болмаса не онда мәселенің мәні баяндалмаса;

5) өтінішті Өтініш берушінің мүдделерін білдіруге өкілеттігі жоқ тұлға берсе.

Осы тармақтың 3) тармақшасының қағидалары өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар, мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздікке төнетін қатер, сондай-ақ Банкке және/немесе оның жұмыскерлеріне қатысты дайындалып жатқан немесе жасалған құқыққа қайшы әрекеттер туралы мәліметтер қамтылған жағдайларда қолданылмайды. Мұндай өтініштер ҚР уәкілетті мемлекеттік органдарына олардың құзыретіне сәйкес жіберілуге жатады.

